

Санжар Асфендиаровтың өмірі мен қызметі туралы (қайраткердің 130-жылдық мерейтойына арналады)

DOI: 10.31551/2410-2725-2019-5-1-8-31

Жүнісбаев Алмас Әбдіғаниұлы

PhD докторант, ғылыми қызметкер, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Кеңес дәуіріндегі Қазақстан тарихы» бөлімі, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: aj013@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада тың архив деректерінің және бай фактологиялық материалдың негізінде ірі қоғам және мемлекет қайраткері, көрнекті ғалым-тарихшы, профессор Санжар Асфендиаровтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері қарастырылған. Әбілқайыр ханнан тараған әулеттен шыққан С. Асфендиаровтың отбасы мүшелері қазақ халқының тарихында терең із қалдырып, оның өмірлік көзқарастары мен өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына үлкен ықпал етті. Санжар революцияға дейін Ресей империясының үздік жоғары оқу орындарында білім алған XX ғасырдың басындағы ұлттық зиялы қауымның жарқын өкілі. Санкт-Петербург Императорлық әскери-медициналық академияны аяқтап, әскери дәрігер атағына қол жеткізген С. Асфендиаров қазақ халқына қызмет еткен ата-бабаларының ісін жалғастырды. Түркістан өлкесінің түрлі аймақтарындағы әскери-медициналық қызмет, бірінші дүниежүзілік соғыстың майданындағы ұрыстарға қатысуы, неміс тұтқынында өткізген уақыт, саяси сенімсіз элемент ретінде патша күзет органдарының қырағы бақылауына ілінуі оның билік етуші монархиялық режимге қатысты көзқарастарының қалыптасуына шешуші түрде әсерін тигізді. Романовтар әулеті тақтан тайдырылғаннан кейін, С. Асфендиаров Түркістанның жергілікті ұлт өкілдерінің мүддесі мен құқықтарын қорғауға кіріскен көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауымның атарынан орын алды. Түркі-мұсылман интеллигенциясының өзге өкілдеріне қарағанда С. Асфендиаров өріс алып жатқан ұлт-азаттық және революциялық қозғалысқа солдат бұқарасы тарапынан тартылып, бұл жағдай оның 1917 жылдан бастау алған қоғамдық-саяси қызметінде өз көрінісін тапты. Большевиктердің төңкерісінен соң, Санжар тәжірибелі әрі білікті маман ретінде алдымен өлкені жайлаған сұрапыл ашаршылық пен індеттерге қарсы күреске араласып, артынан Түркістан республикасының денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыруға ісіне жетекшілік жүргізді. С. Асфендиаров Түркістан АКСР-ның Денсаулық сақтау халық комиссариатына басшылық еткен, жергілікті ұлт өкілдері арасынан шыққан тұңғыш әрі жалғыз кәсіби маман-дәрігер. Түркістанда түрлі жауапты қызметтерде еңбек еткен С. Асфендиаров, кеңестік негіздегі ұлттық-мемлекеттік құрылысты жүзеге асырған саяси элитаның қатарынан орын алды. Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межеленуінен кейін С.Асфендиаров РКФСР-дің және КСРО-ның мемлекеттік билік органдарына қызметке ауысты. Оның жинақтаған білімі, көзқарастардың кеңдігі, Орта Азия халықтарының тұрмысы мен дәстүрін, экономикасы мен шаруашылығын, бірнеше шығыс тілдерін жетік білуі, мемлекет басқару ісінде жинақтаған бай тәжірибесі, қысқа уақыт ішінде С. Асфендиаровқа одақтық деңгейдегі қайраткердің дәрежесіне көтерілуге мүмкіндік берді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу талпынысы С. Асфендиаровты кеңестік негізде жаңадан қалыптасып жатқан ғылым саласына алып келген болатын. Ол Н. Нариманов атындағы Мәскеу шығыстану институтының ректоры, Шығыс халықтарының этникалық және ұлттық мәдениетін зерттеу Институтының директоры, Қоғамдық ғылымдар бойынша ғылыми-зерттеу институттары Ресейлік ассоциациясы төрағасының мүшесі, 2-ММУ-дың профессоры, исламның шығу тарихына арналған алғашқы ғылыми еңбектердің авторы ретінде кеңестік шығыстану ғылымының қалыптасуына өз үлесін қосты. С. Асфендиаровтың саяси қайраткер және танымал ғалым ретіндегі беделін ескерген Қазақ АКСР-ның басшылығы оны республикадағы тұңғыш жоғары оқу орнын – Қазақ мемлекеттік университетті құру ісіне жетекшілік жүргізуге шақырды. С. Асфендиаровтың қажырлы еңбегінің арқасында 1920-жж. аяғында – 1930-жж. басында Қазақстанда тұңғыш ЖОО және ҒЗИ-лермен қатар, КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасы бой көтерді. С. Асфендиаровтың өмірінің соңғы жылдары ғылыми-шығармашылық қызметінің барынша табысты кезеңі болды. Оның қаламынан қазақ халқының, 1916 ж. Қазақстандағы ұлт-азаттық тарихына қатысты сүбелі ғылыми еңбектері, Орта Азиядағы революциялық қозғалысқа арналып жазылған оқу құралы шығып, оның редакциямен «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты екітомдық жинақ жарық көрді. Қазақстандық базаның жетекшісінің бірі, Орталық өлкетану бюросының төрағасы, Қазақ АКСР-ның Ағарту халық комиссарының орынбасары ретінде С. Асфендиаров тарихи ескерткіштердің сақталынуына, халық ауыз әдебиетінің үздік туындыларының жинақталуына, өлкетанушылық жұмыстың жергілікті жерде өріс алуына, кітапханалар мен музейлерді құруға, ғылыми маман кадрларды даярлауға көп көңіл бөлді. Оның есімімен Қазақстанда академиялық ғылымның, жоғары білім беру жүйесінің, мәдениеттің толықтай бір кезеңі байланысты.

Түйінді сөздер: Санжар Асфендиаров; Түркістан; ұлт-азаттық қозғалыс; ұлттық-мемлекеттік құрылыс; денсаулық сақтау; жер-су реформасы; Қазақстан тарихы.

About the life and activities of Sanjar Asfendiarov (to the 130th anniversary of the birth)

Junisbayev Almas Abdiganievich

Doctoral student, research fellow, Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov of CS MES RK, Department of the History of Kazakhstan of the Soviet period, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: aj013@mail.ru

Abstract. In the article, based on a wide range of archival sources and rich factual material, the main stages of the life and work of a major socio-political and statesman, a prominent scholar and historian, Professor Sanjar Asfendiarov are considered. He came from a noble aristocratic family, whose members left an indelible mark on the history of the Kazakh people and had a great influence on the formation and formation of their life views and landmarks. S. Asfendiarov belonged to the golden cohort of prominent representatives of the national intelligentsia of the early twentieth century, who even before the revolution managed to get an education in the best universities of the Russian Empire. Having become one of the five Kazakhs who graduated from the St. Petersburg Imperial Military Medical Academy and having received the diploma of a military doctor, S. Asfendiarov enrolled in the civil service, continued the work of his ancestors – to serve the people. The military medical service in the ranks of the tsarist army in various parts of the Turkestan region, participating in battles on the fronts of the First World War, staying in German captivity, being under the close attention of the tsarist secret police as a "politically unreliable element" left their deep imprint on his world view and attitude to the ruling monarchist regime. After the overthrow of the Romanov dynasty, S. Asfendiarov was among the educated part of the intelligentsia that was intended by the revolution to protect the interests and rights of the indigenous peoples of Turkestan. Unlike many representatives of the Turkic-Muslim intelligentsia, S. Asfendiarov was involved in the growing national liberation and revolutionary movement from the soldier's environment, which affected his social and political activities in 1917. After the Bolshevik coup, he, as an experienced doctor, was first attracted to fight the fierce famine and epidemics, then leads the work on the organization of the health system of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic, becoming in its history the only professional physician among the representatives to rennyh nationalities, who led the People's Commissariat. Over the years of work in Turkestan at various senior positions, S. Asfendiarov joined the circle of the local political elite, which was entrusted with the implementation of nation-building. After the national-state delimitation of the republics of Central Asia, S. Asfendiarov was transferred to work in the supreme bodies of state power of the RSFSR and the USSR. Brilliant education and erudition, organizational skills, excellent knowledge of everyday life and traditions, economics and economic structure of the peoples of Central Asia, fluency in several eastern languages, rich practical experience of public administration allowed him to rise to the level of responsible union-level workers in a short period of time. The analytical mind, the desire for scientific knowledge and research work gradually bring him into the world of the emerging Soviet science. S. Asfendiarov as Rector of the Moscow Institute of Oriental Studies. N. Narimanov, director of the Institute of Ethnic and National Cultures of the Peoples of the East, member of the Presidium of RANION, professor of the 2nd Moscow State University, author of the first scientific works on the genesis of Islam, takes an active part in the formation of Soviet Oriental studies. The authority of the politician and scientist, led him to the leadership of the Kazakh ASSR to lead the organization of the first university in the republic – the Kazakh State University. Thanks to the knowledge, experience, energetic work, and the titanic efforts of S. Asfendiarov in the late 1920s and early 1930s, not only the first universities and research institutes emerged in Kazakhstan, but also the Kazakhstan Base of the Academy of Sciences of the USSR was created. The last years of S. Asfendiarov's life were the most productive in his scientific and creative activities. He wrote the first fundamental works on the history of the Kazakh people, the national liberation uprising of 1916 in Kazakhstan, textbooks on the history of the revolutionary movement in Central Asia, edited a collection of two-volume collection entitled "The past of Kazakhstan in sources and materials". As one of the leaders of the Kazakhstan base and the chairman of the Central Local History Bureau, Deputy People's Commissar of Education of the Kazakh Autonomous Soviet Socialist Republic S. Asfendiarov paid great attention to the preservation of historical monuments, collecting the best examples of oral folk art, developing local history work in the field, creating libraries and museums, training scientific personnel. A whole epoch in the history of the formation and development of academic science, higher education, and culture in Kazakhstan is associated with his name.

Keywords: Sanjar Asfendiarov; Turkestan; national liberation movement; national state construction; public health; land and water reform; history of Kazakhstan.

О жизни и деятельности Санжара Асфендиярова (к 130-летию со дня рождения)

Джунисбаев Алмас Абдиганиевич

PhD докторант, научный сотрудник отдела «Истории Казахстана советского периода», Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МОН РК, Алматы, Казахстан. E-mail: aj013@mail.ru

Аннотация. В статье на основе широкого круга архивных источников и богатого фактологического материала рассматриваются основные этапы жизни и деятельности крупного общественно-политического и государственного деятеля, видного ученого-историка, профессора Санжара Асфендиярова. Он происходил из знатной аристократической семьи, члены которой оставили неизгладимый след в истории казахского народа и оказали большое влияние на становление и формирование его жизненных взглядов и ориентиров. С. Асфендияров относился к той золотой когорте выдающихся представителей национальной интеллигенции начала XX века, которым еще до революции удалось получить образование в лучших вузах Российской империи. Став одним из пяти казахов, окончивших Санкт-Петербургскую Императорскую военно-медицинскую академию и удостоившись диплома военного лекаря, С. Асфендияров поступив на государственную службу, продолжил дело своих предков – служить народу. Военно-медицинская служба в рядах царской армии в различных уголках Туркестанского края, участие в сражениях на фронтах Первой мировой войны, пребывание в немецком плену, нахождение под пристальным вниманием царской охранки в качестве «политически неблагонадежного элемента» наложили свой глубокий отпечаток на его мировоззрение и отношение к царствующему монархическому режиму. После свержения династии Романовых, С. Асфендияров оказался в числе той образованной части интеллигенции, которая была призвана революцией защищать интересы и права коренных народов Туркестана. В отличие от многих представителей тюрко-мусульманской интеллигенции, С. Асфендияров был вовлечен в нарастающее национально-освободительное и революционное движение из солдатской среды, что отразилось на его общественно-политической деятельности в 1917 г. После большевистского переворота, он как опытный врач, сначала привлекается к борьбе со свирепым голодом и эпидемиями, затем руководит работой по организации системы здравоохранения Туркестанской АССР, став в ее истории единственным профессиональным медиком из числа представителей коренных национальностей, возглавившим Наркомздрав. За годы работы в Туркестане на различных ответственных постах С. Асфендияров вошел в круг местной политической элиты, которой было поручено претворение в жизнь национально-государственного строительства. После национально-государственного размежевания республик Средней Азии, С. Асфендияров был переведен на работу в высшие органы государственной власти РСФСР и СССР. Блестящее образование и эрудированность, организаторские способности, отличное знание быта и традиций, экономики и хозяйственного уклада народов Центральной Азии, свободное владение несколькими восточными языками, богатый практический опыт государственного управления позволили ему за короткий промежуток времени подняться до уровня ответственных работников союзного масштаба. Аналитический склад ума, стремление к научному познанию и исследовательской работе постепенно приводят его в мир нарождающейся советской науки. С. Асфендияров в качестве ректора Московского института востоковедения им. Н. Нариманова, директора Института этнических и национальных культур народов Востока, члена Президиума РАНИОН, профессора 2-го МГУ, автора первых научных работ по генезису ислама принимает активное участие в становлении советского востоковедения. Авторитет политика и ученого, послужили причиной обращения к нему руководства Казахской АССР возглавить работу по организации первого вуза в республике – Казахского государственного университета. Благодаря знаниям, опыту, энергичной работе, титаническим усилиям С. Асфендиярова в конце 1920-х – начале 1930 годов в Казахстане возникли не только первые вузы и НИИ, но и была создана Казахстанская база АН СССР. Последние годы жизни С. Асфендиярова стали наиболее продуктивными в его научно-творческой деятельности. Его перу принадлежат первые фундаментальные работы по истории казахского народа, национально-освободительному восстанию 1916 г. в Казахстане, учебные пособия по истории революционного движения в Средней Азии, под его редакцией был издан сборник двухтомный сборник «Прошлое Казахстана в источниках и материалах». В качестве одного из руководителей Казахской базы и председателя Центрального краеведческого бюро, заместителя наркома просвещения Казахской АССР С. Асфендияров уделял большое внимание сохранению исторических памятников, сбору лучших образцов устного народного творчества, развитию краеведческой работы на местах, созданию библиотек и музеев, подготовке научных кадров. С его именем связана целая эпоха в истории становления и развития академической науки, высшего образования, культуры в Казахстане.

Ключевые слова: Санжар Асфендияров; Туркестан; национально-освободительное движение; национально-государственное строительство; здравоохранение; земельно-водная реформа; история Казахстана.

ӘОЖ/УДК 94(574)092

**Санжар Асфендиаровтың өмірі мен қызметі туралы
(қайраткердің 130-жылдық мерейтойына арналады)**

А.Ә. Жүнісбаев

Шығу тегі және әулет тарихы. Архив құжаттарының мәліметтеріне сәйкес Санжар Асфендиаров 1889 жылы 20 қазанда Ташкент қаласында дүниеге келді. Туу туралы куәлігінде жазылғандай, оған қаланың орыс бөлігінің имамы Ғамұлла Йамлиханың азан шақырып, есім берді¹. Оның әкесі Сейітжафар және анасы Гүлөндам Кіші жүзде бір ғасырдан астам уақыт хандық билік құрған Әбілқайыр хан ұрпақтарының әулетінен шыққан. Санжардың әкесі Айшуақ ханның шөбересі болса, анасының шығу тегіне қатысты шежіретанушылардың арасында әлі де тарихи құжаттардың негізінде өз дәлелін таппаған екі түрлі пайым бар. Алғашқысы бойынша ол Ералы ханның ұлы, Хиуада билік құрған Тұқа Темір әулетінің (1728-1770) соңғы қазақ билеушісі Бөлекей ханның ұрпағынан тараған болса, екіншісі оны Абылай ханның ұлы Қасымнан тараған көпсанды ұрпағының біріне жатқызады. Санжардың әке жағынан бабасы, Айшуақтың тұңғыш ұлы Сүйікәлі сұлтан (орыс деректеріндегі «Сюгалий» немесе «Соғалий») Нұралы ханның II Екатеринаға жолдаған хатындағы келтірген мәліметтерге сәйкес 1770 жылы Әмударияның оң жағалауын мекен еткен қарақалпақтардың ханы атанады².

Санжардың бабасына қарағанда мұрағаттарда және тарихи әдебиетте оның атасы, Сүйікәлінің он ұлының бірі Асфендиар сұлтанға (1792-1865) қатысты әлдеқайда көбірек деректер сақталған. Жас кезінен бастап ол өзінің әкесінің туған інісі, Кіші жүздің соңғы ханы Шерғазының (1812-1824) қарамағында топтасқан қазақ сұлтандарының құрамына кірген. 1824 жылы хандық билік жойылған соң, Асфендиар сұлтан Орынбор шекаралық комиссияның шешімімен мемлекеттік қызметке қабылданып, Кіші Орда Батыс бөлігінің сұлтан-билеушісі, ағасы Баймұхамед Айшуақұлының қарамағына жіберілді. Көп ұзамай, басқарушылық және жауынгерлік қабілеттерімен танылған Асфендиар сұлтанға Комиссия жетіру тайпасының рулары мекен еткен Батыс бөліктегі 31-дистанцияны басқару ісін сеніп тапсырады. 1842 жылы үлгілі қызметі үшін Асфендиар сұлтанға дворян атағын мұра ету құқығын берген есаул әскери шені табыс етілді (Жүнісбаев, 2012:17).

1847-1864 жылдары Асфендиар сұлтан 31 және 38-дистанцияларға, Орал әскери бекінісіне басшылық жүргізді. Бұл қызметтерінде ол өзі билеген территорияда жергілікті қазақ рулары арасында кең тараған барымта мен түрлі сипаттағы қақтығыстарды тоқтату, жер және мүлік дауларын шешу, түтін салығын жинау сынды көптеген маңызды мәселелерді шешумен айналысты. Көпжылдық еңбегі үшін ол түрлі мемлекеттік марапаттарға қол жеткізді, олардың ішінде ерекше атап өтетіндері – атаулы алтын мөр мен «Қызметі үшін» алтын медаль. Орынбор әкімшілігінің лауазымды шенеуніктерінің басшылыққа жолдаған баяндамалары мен есептік мәлімдемелерінде Асфендиар сұлтанның қайсар мінезі мен алғырлығына, Айшуақтан тараған қазақ сұлтандары арасындағы жоғары беделі мен ықпалына, шешендігіне, дәстүрлі құқық пен заңдарды жетік білгендігіне, сауатты болғандығына баса назар

¹ РМӨТА – Ресейдің мемлекеттік әскери-тарихи архиві. 316-қ. 67 т. 9-іс. 18 п.

² РИССА – Ресей империясының сыртқы саясатының архиві. 122-қ. 122/2-т. 19-іс. 184-189 пп.

аударылды³.

1859 жылы жазда Асфендиар Кіші Орданың белді қазақ сұлтандары мен билерінен құралған депутацияның құрамында Санкт-Петербургке сапар шегіп қайтады. Астанада болған уақытында депутация император ІІ Александрдың, билеуші Романов әулетінің мүшелері, тақ мұрагерлері ұлы князьдер Николай мен Михаилдің, сыртқы және ішкі істер министрлерінің қабылдауында болады⁴.

Ширек ғасырдан астам уақыт бойы Кіші Орданың билеуші қазақ сұлтандарының қатарына кірген Асфендиар қазақ даласында орын алған күрделі саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің куәгеріне айналды: хандық билік жойылған соң жыл өткен сайын орыс өктемдігінің билігі арта берді; жергілікті халықтың патша үкіметінің саясатына қарсы наразылығы күшейіп, ол түрлі халық толқулары мен көтерілістеріне алып келді, Қазақстан біртіндеп Ресей империясының отарына айнала бастады. Жергілікті әкімшілік билік қазақ даласындағы дәстүрлі саяси жүйені қиратуға бел шеше кірісіп, халық арасындағы қазақ сұлтандарының билігін және ықпалын әлсіретуге күш салды. Мұндай жағдайда өз ұлдарының болашағына алаң болған Асфендиар оларға өз аталарының үлгісімен халыққа қызмет ету ісін жалғастыруға мүмкіндік беретін озық білім беруге тырысты.

Асфендиар сұлтанның екі ұлы да заман талабына сай үздік білім алды: тұңғышы – Мұхамед Мағзұм сұлтан Орынбордағы Неплюев кадет корпусын аяқтаған болса, кенжесі Сейітжафар (1865-1928) – Орынбор облыстық басқармасы жанындағы қазақ балаларына арналған мектептің түлегі атанды. Екеуі де оқуын аяқтағаннан кейін аталарының жолын қуып, ісін жалғастырды: 1864 жылы Мұхамед Мағзұм Кіші Орданың Батыс бөлігіндегі ожырай руына басшы болып тағайындалса⁵, Сейітжафар қазақ мектебінің 5 үздік түлегінің бірі ретінде Орынбор облыстық басқармаға штаттық аудармашы ретінде қызметке алынды⁶.

Сейітжафар бірнеше жыл бойы мемлекеттік қызметте еңбек еткен соң, 1868 жылдың басында өз еркімен туған Орынбор өлкесін тастап, жаңадан құрылған Түркістан генерал-губернаторлығына қызметке ауысады. Сейітжафардың қызмет жолы Сырдария облысына қарасты Құрама уезінің бастығы подполковник Н. Колзаковтың жанындағы аудармашы ретінде басталады⁷. Жас Сейітжафар өз қабілеті мен дарынының арқасында үздіксіз қызметтік өсу жағдайында болды; бұған оның ақсүйектік тегімен қатар, бірнеше шығыс тілдерін, жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптары мен тарихын жетік білуі өз ықпалын тигізді. ХІХ ғасырдың аяғында – ХХ ғасырдың басында Түркістан генерал-губернаторлығында дипломатиялық бөлімнің және елшілік үйлердің басшысы қызметін атқарған Сейітжафар Хиуа мен Бұқара хандары елшіліктерінің құрамында төрт рет Санкт-Петербургке сапар шегіп, орыс патшасымен және мемлекет басшыларымен болған келіссөздерде әскери аудармашы қызметін атқарды. 1891 жылы Сейітжафар Түркістан генерал-губернаторы, барон А. Вревский экспедициясының Памирге сапар шегіп қайтады.

Түркістандағы 50 жылдық қызметін Сейітжафар генерал-майор шенінде 1916 аяқтап, құрметті демалысқа шықты. Ол бұл жоғары әскери атаққа қол жеткізген жергілікті ұлт өкілдерінен шыққан жалғыз қайраткер болатын.

³ ҚР ОМА – Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. И-4-қ. 1-т. 2500-іс. 2-4 пп.; 2512-іс. 88 п. (Орынбор шекаралық комиссияның кеңесшілері И. Бикмаевтың, П. Ваневтің және К. Каминскийдің мінездемелері (31 мамыр – 1 маусым 1848 ж.), арнайы істер шенеунігі В. Лазаревскийдің мәлімдеме хаттары (26 қаңтар 1850 ж.)

⁴ ҚР ОМА. И-4-қ. 1-т. 2983-іс. 14, 31, 76-94 пп.

⁵ ҚР ОМА. И-4-қ. 1-т. 3074-іс. 4-4 а.п., 6-6 а.п.

⁶ ҚР ОМА. И-4-қ. 1-т. 3776-іс. 278-278 а.п.

⁷ ӨР ОМА – Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. И-17-қ. 1-т. 52-іс. 4, 8 пп.

Қазақтың арасынан патша билігі тұсында орыс әскерінің генералы атағына лайықты деп табылған 5 қазақ та Әбілқайыр ханның ұрпақтары еді.

Сейітжафар жергілікті қазақ және түркі-мұсылман зиялы қауым арасында танымал әрі белді тұлғалардың қатарына кірді. Ташкентке қызмет бабымен келген көптеген қазақ зиялылары оның үйінде тұрақтап, жиі басқосулар ұйымдастырды. Бұл жиындарда қазақ қайраткерлері өлкедегі саяси-әлеуметтік ахуалды, білім және дін мәселелерін талқылап, соңғы жаңалықтармен бөлісті. Біртіндеп бұл отырыстар дәстүрлі сипатқа ие болып, артынан Түркістан өлкесі қазақ зиялыларының «Кеңес» атты ұйымына айналды. Оған мүше ретінде С. Өтегенов, Ә. Көтібаров, А. Мангелдин, Қ. Қожықов, З. Сейдалин, М. Қасымов, С. Ақаев, М. Шоқай, С. Асфендиаров, С. Қожанов сынды танымал қазақ қайраткерлері кірді. Тарихи деректерде келтірілген мәліметтерге сенетін болсақ, «Кеңес» ұйымына төрағалықты генерал С. Асфендиарұлы, орынбасарлықты М. Шоқай және С. Өтегенов, ал хатшылықты З. Сейдалин жүргізді (Жүнісбаев, 2014а:151-154). Аталған қайраткерлердің барлығы 1917 жылы 2-5 тамыз аралығында Ташкентте өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының І съезіне қатысып, бұл жиын Сейітжафар Асфендиарұлының құрметті төрағалығымен өтті⁸.

Сейітжафар мен Гүлндамның 8 баласы да Түркістан өлкесіндегі үздік оқу орындарында білім алды: қыздары Оразша, Биби Айша, Умму Гүлсім, Әнел – Ташкент қыздар гимназиясын аяқтаған болса, ұлдары – Сейіт Әбілқайыр, Нұреддин, Санжар және Мансұр Ташкент реалды училищеден түлеп шықты. Сейітжафардың тұңғышы Оразша туралы тарихи мәліметтер тапшы, ал ортаншы қыздары – Айша мен Гүлсім қазақ халқына өз еңбегімен танылып, тарихта өздерінің өшпес іздерін қалдырған тұлғаларға айналды. Кенже қызы Әнелге келетін болсақ, ол біраз уақыт бойы Ташкенттегі Қазақ ағарту институтында тәрбиеші болып жұмыс істеп, Орта Азия мемлекеттік университеті медицина факультетінің ішкі аурулар пропедевтикасы кафедрасының меңгерушісі, профессор Н.И. Рагозаға (1883-1956) тұрмыс құрды.

Екіншіке орай, Сейітжафардың Санжардан өзге үш ұлы – Сейіт Әбілқайыр, Нұреддин және Мансұр туралы мұрағат деректері тапшы. Олардың оқушы кезіндегі жеке істері Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған. М. Шоқайдың естеліктеріне сенетін болсақ, олардың үшеуі де революция жылдарындағы дүрбелеңнен аман шыға алмады (Жүнісбаев, 2011а:122-124).

Алғашқы өмір мектептері. Жастайынан зеректілігімен және білімге құштарлығымен танылған кішкентай Санжарды әкесі 9 жасында Түркістан өлкесіндегі озық оқу орындарының бірі болған Ташкент реалды училищесіне оқуға береді. Санжардың алғашқы өмір мектебіне айналған бұл училище жаратылыстану бағытындағы әскери маманданған оқу орны еді. 1907 жылы училищенің толық курсын үздік аяқтаған Санжар, бітіру куәлігіне қол жеткізеді. Сол кездегі реалды училищелер туралы күші жүріп тұрған Жарғыға сәйкес бұл куәлік оған Ресей империясының үздік жоғары оқу орындарының біріне қабылдау емтихандарын тапсырусыз, тек тексеріс сынағынан өту арқылы оқуға түсу құқығын берді. Осы мүмкіндікті жіберіп алмау мақсатында Санжар 1907 жылы жазда Санкт-Петербургке аттанады. Ол астанадағы ең ірі оқу орнына – Санкт-Петербург мемлекеттік университетіне түсуге талпынғанымен, аттестатында латын тілі мен дін сабағы бойынша бағалардың жоқтығы

⁸ Түркістан аймағы қазақ-қырғызының жалпы жиналысы // Бірлік туы. – 1917. – 20 тамыз.

салдарынан, оның бұл ұмтылысы сәтсіздікпен аяқталады. Осы жерде, Қыздар медициналық институтында оқып жатқан әпкесі Гүлсімнің кеңес беруімен ол құжаттарын Императорлық әскери-медициналық академияға тапсырады⁹.

Санжардың академияға оқуға түсуге әкесі Сейітжафар қолғабыс көрсетуге талпынып, Түркістан генерал-губернаторы Н. Гродековтың атына хат жазады. Онда Сейітжафар өлкедегі көпжылдық еңбегі және қол жеткізген табыстарын айта келіп, ұлы Санжарға көмек көрсетуді өтінген. 1907 жылы 23 маусымда ардагер қызметкердің өтінішіне жауап ретінде Н. Гродеков әскери министр А.Ф. Редигердің атына хат жолдап, онда жергілікті ұлт өкілдері арасынан медициналық кадрларды даярлау ісінің маңыздылығына база назар аударады да «Санжарды мұсылман ретінде оқуға қабылдау туралы шешімді шығаруды» сұрайды¹⁰. Кейінгі оқиғалардың барысы көрсеткендей, Н. Гродековтың хатының ықпалымен Санжар латын тілі бойынша қосымша сынақтарды тапсырғанға дейін академияға 1907 жылы тамызда ерікті тыңдаушы ретінде оқуға қабылданды.

Бір жылдан кейін Санжар Ресейдегі жоғары медициналық және әскери-дәрігерлік білім беру жүйесінің негізін қалаған даңқты академияның толыққанды студенті атанады. Осылайша, Санжар өткен ғасырдың басында Ресейдің үздік оқу орындарында жоғары білім алған озық ойлы қазақ жастарының қатарына қосылды. Әскери дәрігер мамандығын игере жүріп, жас Санжар орыс медицинасының іргетасын қалаған атақты хирург-дәрігерлердің дәрістерін тыңдап, олардан госпиталдерде өткен теориялық және тәжірибелік сабақтарда білім алады. Студент жылдары жас Санжардың ер жетуіне, оның азаматтық және өмірлік көзқарастарының қалыптасуына Санкт-Петербургте білім алып жатқан өзге қазақ жастарымен, астанаға қызметтік іссапармен жиі келіп отырған С. Лапин, А. Бірімжанов, Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев сынды қазақ зиялыларымен тығыз қарым-қатынас орнатуы, түрлік басқосуларда пікір алмасуы өз әсерін тигізді. Санкт-Петербургте өткен Түркістан жерлестері ұйымы кештерінің бірінде Санжар болашақта өзінің адал өмірлік серігіне айналған Бекзат қыздар институтының тәрбиеленушісі, белгілі қоғам қайраткері, заңгер Сералы Лапиннің қызы Рабиғамен танысып, онымен шаңырақ көтереді¹¹.

Әскери-медициналық академияның толық курсынан өтіп, 28 пәннен тұратын кешенді мемлекеттік емтиханнан сүрінбей өткен Санжар 1912 жылы қарашада Мемлекеттік сынақ комиссияның шешімімен әскери дәрігер дипломына лайықты деп танылады¹². Академияда Әскери-теңіз ведомствосының шәкіртақысына оқығаны үшін ол патша әскерінің қатарында 4 жыл қызмет етуі тиіс еді. Бас әскери-санитарлық басқарманың шешімімен Түркістанның тумасы ретінде Санжар академияның 10 түлегімен бірге Түркістан әскери округына қызметке жіберіледі. Санжардың қызмет орны ретінде Ауғанстан мен Бұқара әмірлігінің шекарасында орналасқан Термез бекінісіндегі 10-Түркістан атқыштар полкы болып белгіленеді¹³.

Патша әскерінің қатарында. Оқудан кейін түлектерге тиесілі екі айлық демалыс уақыты аяқталған соң, Санжар 1913 жылы наурызда Термезге келіп, полктың кіші дәрігері міндетін атқаруға және жергілікті лазаретте еңбек етуге кіріседі. Санжар академияда алған білімдерін тәжірибеде қолданып, жергілікті өңірдің ауа-райы ерекшелігіне байланысты түрлі жұқпалы аурулардан және

⁹ ОР ПАА – Өзбекстан Республикасы Президенті Аппаратының архиві. 53-қ. 65-т. 77-іс. 119 п.

¹⁰ РМӨТА. 316-қ. 67-т. 9-іс. 14-14 а.п.

¹¹ РМӨТА. 316-қ. 67-т. 9-іс. 4-6 пп.

¹² РМӨТА. 316-қ. 69-т. 150-іс. 3 а.п., 592-592 а.п.

¹³ РМӨТА. 546-қ. 2-т. 4279-іс. 64 п.

індеттерден зардап шеккен сарбаздарды емдеумен айналысады. Өз ісіне жауапкершілікпен қарап, біліктілігімен танылған Санжарға әскери басшылық лазареттің бақылаушысы міндетін жүктеп отырды (Жүнісбаев, 2011b, 128 б.). Әскери қызметтің талай ауыртпалығын бастан кешіріп, шыныққан жас Санжар Термездегі қызмет уақытында бай дәрігерлік және өмірлік тәжірибе жинақтап шығады. Жарты жылдан соң, Санжар алдымен 9-Түркістан атқыштар полкының, артынан 1915 жылы мамырда 3-Түркістан атқыштар бригадасының аға дәрігері қызметтеріне тағайындалады.

Бірінші дүние жүзілік соғыстың Солтүстік-Батыс майданындағы патша әскерінің алғашқы ірі әскери сәтсіздіктері жоғары әскери басшылықты Ресей империясының барлық әскери округтарында ауқымды мобилизацияны жүргізуге итермелеп, олардың қатарына Түркістан әскери округы да ілінді. Түркістан өлкесінде орналасқан 20-дан астам дивизиялар мен бригадалардан арнайы 5-Түркістан атқыштар полкы құрылып, соғыс майданына аттанды. Осы полктың аға дәрігері міндетін атқару жас лейтенант С. Асфендиаровқа жүктелді. 1914 жылдың қыркүйегінде майданға келген Түркістан полкы 11-Сібір атқыштар дивизиясының құрамына кіргізіліп, Шығыс Пруссияның территориясында жүзеге асырылып жатқан ауқымды Августов және Лодзь операцияларына тартылды. Ұрыстардың бірінде С. Асфендиаров басынан ауыр жарақат алып, бүкіл полкымен бірге жау тұтқынына түседі. Жалпы алғанда, 1915 жылдың басына қарай патша әскері орасан зор адами шығындарға ұшырады: 1,5 миллион солдат майданда қаза тауып немесе ауыр жарақат алған болса, 750 мыңнан астам жауынгер немістің қолына түсті (Кокебаева, 2009:37).

Жау тұтқынында өткізген уақыт Санжар мен оның майдандастары үшін ауыр сынаққа айналды. Орыс әскерінің лейтенанты ретінде С. Асфендиаров офицерлер мен медициналық-санитарлық қызметкерлер үшін арналған концлагерьге жіберілді. Бірақ онда ауыр жараланған әскери тұтқындарға қажетті медициналық көмек көрсетілмей, қарапайым санитарлық нормалардың сақталынбады, оның үстіне азық-түліктің жетіспеушілігі салдарынан лагерде ашаршылық пен жұқпалы аурулар, түрлі індеттер кең етек жайды. Бірнеше айдан кейін денсаулығы біршама түзелген Санжарды лагерь басшылығы білікті дәрігер ретінде індеттерге қарсы күреске және тұтқындарға медициналық жәрдем көрсетуге жұмылдырды. Санжар жылуы жоқ, жарығы нашар, лашық іспетті лазареттерде, медициналық құрал-жабдықтар мен дәрі-дәрмектің тапшылығы жағдайында лагерлерде шектен тыс толған науқас және жаралы сарбаздарды емдеумен айналысты. Өзінің дәрігерлік борышын бір сәтке де ұмытпаған Санжар өмірі мен денсаулығын қауіп-қатерге тіге отырып, көптеген тұтқындардың өмірін ажал тырнағынан сақтап қалуға аянбай еңбек етті.

Патша әскерінің Ставкасы жау қолына түскен жауынгерлерді сатқын деп санап, оларға қандай да бір көмек көрсетуден саналы түрде жалтарды. Көпке дейін ол санитарлық-медициналық шендері бар өз әскери тұтқындарына тиісті растау құжаттарын жіберуге ешбір ерік танытпай, немқұрайлы қарады. Сол кезде күші жүріп тұрған халықаралық келісімдерге сәйкес, тұтқынға түскен дәрігерлер мен санитарлар құжаттық негізде дәрігер мамандығын дәлелдей алған жағдайда тұтқыннан босатылып, еліне жіберілуі тиіс еді. Тек 1915 жылдың аяғында ғана Халықаралық Қызыл Крест ұйымының белсенді араласуының нәтижесінде Санжар бір топ әскери тұтқындармен бірге темір жолмен Швеция арқылы Ресейге қайта жіберілді.

Соғыс жылдары Петроград қаласында әскери тұтқындарды қабылдаумен, оларды медициналық куәландырудан және арнайы тергеуден өткізетін арнайы пункт құрылды. Еліне қайтып оралған тұтқындар саяси сенімсіз

элементтер және Отан сатқындары ретінде резервке шығарылып, өз әскери округтарының қарамағына жіберілді. Осылайша, 1916 жылы қаңтарда Санжар туған Ташкент қаласына оралып, балдызы Рахия Сералықызының естеліктері бойынша патша күзет органдарының бақылау нысанына айналды (Сулейменов, 1987:158).

Майдан мен тұтқында өткізген жылдар С. Асфендиаров үшін іссіз өтпеді. Қанды шайқастар, орыс әскери басшылардың өрескел қателіктері мен сатқындығы, лагерлердегі өзге еуропалық ұлт өкілдері арқылы озық ойлы социал-демократиялық ойлармен жақын танысу оған патша үкіметінің ұлттық аймақтарда жүргізіп отырған отарлық саясаттың шынайы мән-мазмұнын түсінуге мүмкіндік беріп, сол арқылы оның саяси көзқарастарының және құндылықтар жүйесінің дамып жетілуіне, үстем етуші монархиялық режимге деген өшпенділік сезімнің туындауына ықпал етті.

Неміс лагерьде сүзек ауруын жұқтырып алған С. Асфендиаровтың денсаулығының нашарлығына қарамастан, 1916 жылдың басында округтық әскери-санитарлық басқарма дәрігер мамандардың тапшылығы жағдайында оны алдымен Ташкент тәртіп ротасының санитарлық бөлімінің меңгерушісі етіп, артынан резерв пен отставкаға жіберілген патша әскерінің бұрынғы солдаттарынан қаладағы қоғамдық тәртіпті бақылау үшін құрылған Ташкент мемлекеттік жасақ қосынының аға дәрігері қызметіне тағайындайды¹⁴. Соғыс майданынан теміржол бойымен біртіндеп Түркістанға қайта орала бастаған әскерилермен бірге өлкеге түрлі жұқпалы аурулардың қоздырғыштары өтіп, іш және бөртпе сүзегі, тырысқақ індеттерінің кең етек жаюына себеп болды. Оларға қарсы күреске Түркістан өлкесінде мобилизациядан кейін қалған санаулы медициналық күштер жіберіліп, жұмылдырылған дәрігерлер мен санитарлардың қатарынан тәжірибелі әскери дәрігер С. Асфендиаров та орын алды.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде Санжар қызмет еткен мемлекеттік халық жасақ қосыны жергілікті халықты майдандағы қара жұмысқа алу туралы орыс патшасының маусымдағы жарлығына қарсы Ташкентте шеруге шыққан көтерілісшілерге қарсы оқ атудан бас тартып, әскери бұйрықты орындамағаны үшін әскери басшылық оны толық құраммен шалғайдағы Термезге аттандырады. Осы жерде дәрігер болып қызмет еткен Санжар Ресейде патша билігінің қулағаны туралы көптен күткен қуанышты хабарды естіп, революцияға әскери бұқараның тарапынан көзі ашық, сауатты, көкірегі ояу, жауынгерлер арасында беделі жоғары дәрігер ретінде тартылды. Термез солдаттар кеңесінің депутаты ретінде С. Асфендиаров 1917 жылы сәуірде Жаңа Бұқарада өткен облыстық съезге қатысып, облыстық жұмысшы және солдат депутаттар кеңесінің мүшесі болып сайланады¹⁵. Бұл кеңес революциядан кейін Л. Миллер басқарған Бұқарадағы ресейлік резиденттілігіне, кадет Н. Щепкин жетекшілік еткен Ташкенттегі Уақытша үкіметтің Түркістан комитетіне қарсы әрекет етті. Жас бұқаралықтармен бірігіп, кеңес мүшелері әмір Сейіт Әлімханды қоғамды жаңартуға бағытталған түбегейлі реформаларды жүргізуге мәжбүрлеуге ұмтылды. Алайда, олардың барлық талпыныстарына қарамастан, 1917 жылы 8 сәуірде әмірдің манифестіне орай өткен бейбіт шеру қатаң басып жаншылып, жас бұқаралықтар саяси қуғын сүргінге ұшырады (Ходжаев, 1926:13-31).

Өлке халықтарының саяси құқықтары үшін күрес. Термездегі белсенді қызметімен көзге түскен Санжарды Өлкелік кеңес 1917 жылы маусымда

¹⁴ ӨР ОМА. И-762-қ. 1-т. 30-іс. 101 а.п.

¹⁵ ӨР ПАА. 58-қ. 65-т. 77-іс. 119 а.п.

Ташкентке шақыртып алады. Бұл уақытта қаланың ескі бөлігінде мұсылман жұмысшыларының ортақ бір саяси ұйымға бірігудің күрделі үдерісі жүріп жатты. Олардың негізгі бөлігін тылдағы қара жұмыстан қайтқан жергілікті халықтардың өкілдері құрады. Бұл бағыттағы ұйымдастыру жұмыстарына бастапқы кезде С. Муфти-заде басшылық жүргізіп, артынан оған С. Асфендиаров қосылды. Осы жұмыстың қорытындысында 1917 жылы 14 шілдеде Ташкенттің ескі бөлігінің жұмысшы мұсылман депутаттарының 32 мүшеден тұратын кеңесі құрылып, оның атқару комитетінің төрағасы болып бірауыздан С. Асфендиаров сайланды (Победа Октябрьской, 1963:174).

Белсенді қоғамдық-саяси қызметінің арқасында С. Асфендиаровтың есімі Түркістаннан шалғай жерде де танымал бола бастады. Мұның дәлелі ретінде, оның 1917 жылы шілдеде Орынборда өткен І Жалпықазақ съезінде сырттай Сырдария облысынан Құрылтай жиналысына кандидаттыққа депутат ретінде Ә. Кенесарин, С. Өтегенов, Ә. Көтібаров, М. Шоқай, З. Сейдалин, И. Қасымов, С. Қожанов сынды танымал Түркістан қайраткерлерімен бірге сайлануын келтіруге болады (Алаш қозғалысы, 2004:366-367).

1917 жылы 2-5 тамызда Ташкентте М. Тынышбаевтың төрағалығымен өткен Түркістан өлкесі қазақ-қырғыздарының І съезге Санжармен қатар оның әкесі Сейітжафар мен туған әпкесі Гүлсім Асфендиаровтар да қатысты. Жиында Түркістан қазақ-қырғыздарының Орталық кеңесін құру және Сырдария мен Ферғана облыстарында жергілікті кеңестерді ұйымдастыру сынды маңызды саяси шешімдер қабылданды (Махаева, 2007:299-302). Съезде С. Асфендиаров алғаш рет бірқатар танымал қазақ қайраткерлерімен және өз қызметтерін енді бастап келе жатқан Т. Рысқұлов, Қ. Сарымолдаев, И. Тоқтабаев сияқты жігерлі жастармен танысады. Олармен бірге өлкеде қалыптасқан күрделі саяси-әлеуметтік және экономикалық жағдайды талқыға салып, Түркістан халықтарының мүддесі мен құқықтарын қорғаудың жалпы жоспарын құру бойынша пікір алмасты.

Бұл жиыннан кейін С. Асфендиаров бар күш-қайратын өзі басқарып отырған мұсылман жұмысшыларының Кеңесінің қызметін нығайтуға жұмсайды. Кеңес біртіндеп большевиктер мен солшыл эсерлер басқарған Ташкент кеңесімен, өлкедегі саяси беделге ие болған Шура-Исламия, Шура-Улема, Тұран сынды мұсылман ұйымдарымен байланыс орнатып, алда келе жатқан Ташкент қалалық думасына сайлауға дайындық жүргізеді. Бұл сайлауда думада мүмкін болған 112 орынның ішінен 96 орынды иеленген С. Лапиннің жетекшілігіндегі мұсылман Шура-Улема сөзсіз жеңіске жетеді. Мұсылман жұмысшы депутаттар кеңесі думаға өзінің тек бір өкілін – С. Асфендиаровты ғана өткізе алды¹⁶. Кейін өзі мойындағандай, тәжірибелік маңызы бар мәселелерді шешу үшін Кеңеске саяси бедел мен тәжірибе жетіспеді, керісінше, олардың ұйымы арқылы большевиктердің Ташкент кеңесі қаланың ескі бөлігінде ортақ саяси орталық пен нақты біріктіруші идеяға ие болмаған бытыраңқы мұсылман тұрғындарына өз бақылауын орнатуға тырысты. 1917 жылы қыркүйекте С. Асфендиаров «Наша газетада» жарияланған мақаласында келесідей пікір білдірді: «Біздің мұсылман прогрессивтік ұйымдарының сәтсіздіктерге ұшырауының себебі, олар көбіне саяси және мәдени-ағарту мәселелерін шешуге басты назар аударып, осы бағытта Ресейдің барлық мұсылмандарын бірігуге шақырады, бірақ олар халықтың демократиялық бұқарасының экономикалық қажеттіліктері мен таптық мүдделерін қорғауды екінші кезекке ысырып отыр, нақ осы мәселелерде мұсылмандар арасында міндетті түрде жіктеліс пайда болады. Жұмысшы тапты біріктіре алатын нақты

¹⁶ ОР ПАА. 58-қ. 65-т. 77-іс. 120 п.

ұрандарды тастай отырып, мұсылман ұйымдары билік етуші тап пен дін басыларының қатты оппозициясын тудырып, бұл өз кезегінде олардың пайымдауынша прогрессивті бастамалардың барлығын жоққа шығарады»¹⁷.

С. Асфендиаровтың бұл пікірі оның саяси көзқарастары мен позициясын айқын көрсетеді. Автономия үшін күрес жолын таңдаған түркі-мұсылман зиялыларына қарағанда революциялық қозғалысқа солдат бұқарасынан тартылып, олардың қатарында 1917 жылдың қазанында болған большевиктік төңкеріске дейін социал-революционерлердің позициялары мен идеялары басым еді. Осы себептен Қоқанда кеңес өкіметіне балама ретінде жарияланған Түркістан автономиясының құрылуына салқын қарады. С. Асфендиаровтың жинақтап үлгерген өмірлік және саяси тәжірибесі оған Түркістан өлкесіндегі саяси күштердің арасалмағын шынайы түрде бағалауға мүмкіндік берді, сондықтан ол алдымен М. Тынышбаев, артынан М. Шоқай басқарған Түркістан автономиясының қызметіне араласудан алшақ тұрды. С. Асфендиаровтың бұл болжамдарының дұрыстығын уақыт та дәлелдеді. Тұрақты әскер мен қару-жараққа, қаражат көзіне, мықты одақтас пен тәжірибелі саяси қайраткерлерге ие болмаған автономияның өмірі ұзаққа созыла қоймады. 1918 жылы ақпанда ол Қызыл әскердің күшімен талқандалды, автономиялық үкіметтің мүшелері тұтқындалды. Бірнеше жылдан соң М. Шоқай өз естеліктерінде С. Асфендиаровты осы позициясы үшін айыптап, революцияға «ұлттық тараптан» және «халықтан емес» келгендігі үшін сынады (Шоқай, 2016:392-393). Алайда С. Асфендиаровтың революцияға дейінгі ұшқан ұясы мен ортасын, өмірі мен қызметін, дәрігер мамандығы мен әскери міндеткерлігін, оның азаматтық позициясының қалыптасу ерекшеліктерін ескеретін болсақ, басқаша болуы мүмкін де емес еді.

Аштықпен күрес және денсаулық сақтау жүйесін құрудағы қызмет.

Түркістан автономиясы өз өмір сүруін тоқтатып, өлкеде большевиктер билігі толық орнағаннан кейін С. Асфендиаров дәрігер ретінде денсаулық сақтау органдарымен тіркеуге алынды. 1918 жылы Түркістан үкіметінің шешімімен ол Бұқара әмірлігіне жіберіліп, мұнда кең тарай бастаған індеттер мен жұқпалы ауруларға қарсы ұйымдастырылған күреске басшылық жүргізді. Бұқарада дәрігерлік борышын өтей жүріп, С. Асфендиаров кезекті рет өзіне сүзек ауруын жұқтырып, емделу үшін Ташкентке оралды.

1918 жылы желтоқсанда ауыр сырқатынан айыға бастаған С. Асфендиаров Түркістан өлкесін жайлаған сұрапыл ашаршылықтан зардап шегіп жатқан жүз мыңдаған жергілікті тұрғындарын арашалауға бағытталған кешенді жұмыстар мен іс-шараларға жетекшілік жүргізіп жатқан Т. Рысқұловтың ұсынысын қабыл алып, Түрікаткомның жанындағы Аштықпен күресетін Орталық Комиссияға мүше болып кіреді (Қоңыратбаев, 1994:51-69). Оның құрамында С. Асфендиаров тәжірибелі әрі білікті дәрігер ретінде Комиссияның жергілікті бөлімдерінің облыстық, уездік және қалалық денсаулық сақтау органдары арасындағы байланыстарды дұрыс жолға қою, ашыққан және түрлі індеттер мен жұқпалы аурулардан зардап шегіп жатқан халыққа дәрігерлік көмек көрсету, жұмысқа медициналық қызметкерлерді тарту, санитарлық және емдеу пойыздарын ұйымдастыру және жабдықтау арқылы дәрі-дәрмек пен дезинфекциялау құралдарын жеткізу мен тасымалдау, көшпелі халық өмір сүретін аудандарда емдеу және амбулаториялық пункттерді ашу, қамқорсыз және панасыз қалған балаларды есеп пен тіркеуге алып, балалар үйлеріне орналастыру, қоғамдық тамақтандыру орындарында санитарлық бақылау орнату сынды маңызды істермен айналысты.

¹⁷ Наша газета. – 1917 г. – №110. – 5 сентября.

Т. Рысқұлов басшылығындағы Аштықпен күресетін Орталық Комиссияның және оның жергілікті бөлімдерінің, отаншыл жастардың бүкіл Түркістан республикасының көлемінде атқарған қауырт жұмысының арқасында 1919 жылдың ортасына қарай ашаршылықтың ауқымы кішірейіп, бір миллионнан астам ашыққан адамдардың өмірлері ажал тырнағынан құтқарылды. 1919 жылдың сәуірде Түркістан АКСР-ның Денсаулық сақтау комиссариаты С. Асфендиаровты Комиссияның құрамынан алдыртып, 1-Черняев кеңес полкінің аға дәрігері ретінде азамат соғысының Закаспий майданына аттандырады. Мамыр айында осы полктың партиялық ұяшығымен С. Асфендиаров РК(б)П қатарына қабылданды¹⁸.

1919 жылы қыркүйекте майданнан Ташкентке оралған С. Асфендиаров Түркістан өлкесіндегі саяси билік үшін орыс большевиктеріне қарсы күрес жүргізіп жатқан Мұсылман бюросының қызметіне тартылады. С. Асфендиаров Мұсбюроның өзегін құраған көптеген мұсылман қайраткерлерімен жақсы таныс еді: олардың басым көпшілігімен ашаршылыққа қарсы күресті бірге жүргізіп, қоян-қолтық жұмыс істеді. Т. Рысқұлов басқарған бұл саяси ұйым А. Казаковтың жетекшілігіндегі «ескі коммунистерге (большевиктерге)» шешуші соққы беріп, оларды Түркістаннан қуып шығуға қол жеткізді (Қоңыратбаев, Жүнісбаев, 2011:108). Саяси жеңісті пайдалана отырып, Мұсбюро жергілікті ұлт өкілдерін шыққан қайраткерлерді үкімет құрамындағы жауапты қызметтерге тағайындауға ұмтылды. С. Асфендиаров Мұсбюроның тарапынан денсаулық сақтау жүйесін басқаруға лайықты жалғыз үміткер ретінде қарастырылды. Өйткені бүкіл Түркістанда 1919 ж. күзіне қарай жоғары білімі бар небәрі 3 мұсылман дәрігері ғана бар еді: Санжардың жездесі Ә. Көтібаров бұл уақытта Жетісу майданының Черкасск қорғанысында дәрігерлік қызмет атқарып жатқан болса, туған әпкесі Г. Асфендиарова Ташкент қаласының ескі бөлігіндегі перзентханаға жетекшілік жүргізді. Түрікатком мен ТКП Өлкекомының табанды қарсылығына қарамастан, С. Асфендиаров Мұсбюроның қайсарлығының арқасында 1919 жылы қазанда Түркістан республикасының денсаулық сақтау халық комиссары қызметіне тағайындалды¹⁹.

Түркістанның тарихында С. Асфендиаров жергілікті ұлт өкілінен шығып, денсаулық саласына басшылық еткен қазақтың алғашқы әрі жалғыз кәсіби дәрігері болды. Оның қажырлы еңбегінің арқасында республикада жұқпалы және әлеуметтік аурулармен күрес жүргізу, халыққа тегін медициналық көмек көрсету күшейтіліп, жаңа ауруханалар бой көтерді. С. Асфендиаровтың комиссарлығы тұсында өлкеде денсаулық сақтау желісі айтарлықтай кеңейтілді: республиканың 120-ға жуық қалалық ауруханаларда 10 мың, ауылдар мен елді мекендерде ұйымдастырылған 30-дан астам амбулатория пункттерінде 1 мыңға жуық төсек орындары ашылды, 1919-1920 жж. Түркістанда 53 мемлекеттік тіс емдеу амбулаториялары мен 5 тіс-техникалық лаборатория жасақталды. Өлкелік маңызға ие болған Шымған, Жалалабад, Черняев, Жаңақорған, Ұратөбе шипажайларының қызметі ретке келтіріліп, олардағы төсек орындарының саны 500-ге дейін жетті. Қысқа және ұзақ мерзімді медициналық курстарды ұйымдастырудың арқасында өлкеде тіс дәрігерлерінің саны 2 есе артып, 32-ге, дәрігерлер көмекшілерінің саны 494-ке, акушер әйелдердің саны 102-ге, мейірбикелердің саны 120-ға дейін өсті²⁰. Ол туған әпкесі Г. Асфендиаровамен бірлесе отырып, жергілікті ұлт өкілдерінен медициналық кадрларды дайындаумен айналысатын қысқа және

¹⁸ ӨР ПАА. 58-қ. 65-т. 77-іс. 120 п.

¹⁹ ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 1105-іс. 17 а.п.

²⁰ ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 52-іс. 23 а.п.

ұзақ мерзімді даярлық курстарын ұйымдастырып, оларға арналған оқу бағдарламасын құрастырды. Сонымен қатар осы кезеңде С. Асфендиаровтың бастама көтеруімен өлкеде дәрі-дәрмек жасау мекемелер мен екпе шығаратын алғашқы биохимиялық лабораториялар ашылып, жұқпалы ауруларды зерттейтін орталықтар бой көтерді. 1919-1920 жылдары С. Асфендиаров Түркістан мемлекеттік университетінің құрамында арнайы медициналық факультетті құру жұмысына де белсене араласты. Осы еңбегінің арқасында, көп ұзамай жергілікті ұлт өкілдерінен жоғары білімді дәрігер мамандар шыға бастады. Алғашқы қарлығаштардың қатарынан қазақ қызы Аққағаз Досжанова да орын алды.

Жер-су реформасына басшылық. 1920 жылы қыркүйекте өткен Түркістан Коммунистік партиясының V және Түркістан кеңестерінің IX съездерінің қорытындысы бойынша С. Асфендиаров республиканың Жер-су шаруашылығының халкомы болып тағайындалады. Оның бұл жаңа қызметіндегі басты бағыттарының біріне 1920 жылы 29 маусымда РКП ОКі Саяси бюросының «РК(б)П ОК-ның Түркістандағы негізгі міндеттері» жариялаған қаулысынан кейін бастау алған жер-су реформасын іске асыру айналды. Қаулыға сәйкес республиканың кеңес және партия органдары өздерінің бар күшін өлкедегі келімсек еуропалық тұрғындар мен жергілікті халық арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге, олардың жер мен суға қатысты құқықтарын теңестіруге, патриархалды-феодалдық сарқыншақтарға, буржуазиялық ұлтшылдықтың және шовинизм көріністеріне қарсы күреске жұмсаулары тиіс еді. Реформаны жүргізудің негізгі аудандары ретінде патша үкіметінің аграрлық және көші-қон, отарлау саясатынан барынша зардап шеккен Сырдария мен Жетісу облыстарының, ішінара Ферғана облысының жекелеген уездері белгіленді.

1920 жылдың аяғына дейін С. Асфендиаров басқарған жер-су комиссариаты реформаны іске асырудың формалары мен тәсілдерін анықтаған 10-нан астам заңнамалық және нормативті-құқықтық актілерді құрастырды, басқаша айтқанда болашақ реформаның заңдық негізін қалыптастырды, сонымен қатар, арнайы жер және жерге орналастырудың комиссияларды ұйымдастырып, агрономдар мен жер өлшеушілерді даярлайтын курстар ашты²¹. С. Асфендиаровтың бастама көтеруімен комиссариаттың орталық аппаратының қайта ұйымдастырылуы іске асырылып, қызметке білікті әрі тәжірибелі мамандар алынды. Реформаны тиісті деңгейде жүргізу мақсатында Жер-су комиссариатының бір бағыттағы бөлімдері біріктіріліп, арнайы жаңа бөлімдер ашылды. Комиссариаттың қызметін жолға қою және оңтайландыру мақсатында оның жаңа ережесі даярланып, жергілікті жер бөлімдері мен орталық аппарат арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін нұсқаулық жасалынды. Бұл ұйымдастыру шараларымен қатар, жерсізденген және жері аз шаруаларды бір одақтарға біріктіру жұмыстары да белсенді түрде атқарылып, олар кейіннен құрылған «Кедейлер одақтарының» (кейіннен «Қосшы») негізін қалады. Реформаның қажеттіліктеріне Ресейден ауылшаруашылық техника, құрал-сайман, көктемгі егістік науқаны үшін тұқым сатып алынып, мемлекеттік тұқым қоры ұйымдастырылды. Сонымен қатар, жер учаскелерінің еңбек нормалары анықталынып, біртіндеп ауылшаруашылық несиелеу мен кооперация дами бастады.

1921 ж. 16 тамызда ТКП-нің VI съезінде С. Асфендиаров жер мәселесі бойынша көлемді баяндама жасап, онда Түркістандағы жер мәселесі мен жер қатынастарының тарихына, жер реформасының негізгі мақсаты мен оның

²¹ ӨР ОМА. Р-29-қ. 3-т. 1615-іс. 110-123 пп.

басты жетістіктеріне тоқталып өтті. С. Асфендиаровтың мәлімдеуінше, 1921 ж. басынан Жетісуда, Ферғанада және ішінара Сырдария облыстарында өз бетімен құрылған орыс келімсектерінің 56 поселкесі, 299 хуторы мен қыстауы таратылып, ескі қоныстанушылардың поселкелеріне 2,9 мың отбасы, 15,5 мың өз бетімен келіп қоныстанған келімсек көшірілді, соның нәтижесінде 81 мың дес. астам жер қоныстандыру қорына өтті (Бюллетень, 1921, С. 26). 1921 жылдың жазына қарай жер-су реформасының алғашқы кезеңінің қорытындысы бойынша республиканың 5 облысында жалпы алғанда бұрынғы келімсектердің 70 поселкесі мен 241 зәйімкесін, 23 түрлі жер учаскелері мен 989 еңбекші емес қожалықтарын тарату және олардан 3,5 мыңнан астам отбасын көшірудің нәтижесінде құрылған 272,7 мың дес. жерге жергілікті тұрғындардың 7,1 мың отбасысы жерге орналастырылды²². Түркістанның ауылдары мен қышлақтарында «Қосшы» одағының 6 мыңға жуық бөлімі құрылып, олар 90 мыңнан астам мүшені біріктірді (Давлет-Юсупов, 1953:18). «Қосшы» одағы кеңес билігінің ауылдағы және қышлақтағы тірегі ретінде қарастырылды.

Жер-су реформасы бірінші дүниежүзілік соғыс, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы қос революция мен қуаңшылық, 1918-1919 жылдардағы ашаршылық, азамат соғысы мен кеңес режиміне қарсы жергілікті халықтардың қарулы қозғалысының нәтижесінде Түркістанның қираған халық шаруашылығын қалпына келтіруге бағытталған алғашқы маңызды қадамдардың бірі болды. С. Асфендиаровпен реформаны жүзеге асыру ісіне кәсіби мамандармен қатар, М. Тынышпаев, Қ. Қожықов, М. Есболов, С. Қожанов, О. Жандосов сынды белді қазақ зиялылары де жан-жақты түрде тартылды.

Жер-су реформасының аралық нәтижелері партиялық съезге қатынасқан делегаттармен қанағаттанарлық деп танылып, оны одан ары қарай жүргізу ісі Ферғанада басмашылармен күресте танылған И. Қыдырәлиевке тапсырылды. Республиканың жоғары басшылығы С. Асфендиаровтың ұйымдастырушылық және іскерлік қабілеттерін жоғары бағалап, оны 1921 жылы 20 қыркүйекте Түркістан республикасының БОАК және РКФСР Ұлт істер жөніндегі халық комиссариатының жанындағы өкілетті өкілдік төрағасы қызметіне тағайындайды²³.

Ресеймен байланыстарды нығайту және Түркістандағы саяси қызмет.

1920 жылы мамырда ұйымдастырылған Түркістан өкілдігіне Орталықта республиканың саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелер бойынша мүддесін қорғау міндеті жүктелді. Алайда жұмыста орын алған берекесіздік, сауда агенттерінің алаяқтықтары салдарынан өкілдік көпке дейін өзіне сеніп тапсырылған істі тиісті дәрежеде атқара алмады. Түркістан республикасының біріккен және бірікпеген комиссариаттары өздеріне тиесілі және қажетті зат пен жүктерді темір жол арқылы тасымалдау мәселелері бойынша өкілдікті айналып өтіп, Мәскеудегі орталық органдарымен өз бетімен тікелей байланысқа шығып отырды.

С. Асфендиаров Түркістан өкілдігінің басшысы қызметіне кіріскен күннен бастап, оның қайта ұйымдастыруын жүргізді: экономикалық бөлімнің орнына экономикалық кеңес құрылып, сауда агенттерінің штаты екі есе қысқартылды, өкілдік туралы жаңа ереже құрастырылып, бөлімдердің меңгерушілігіне білікті әрі іскер қызметкерлер тағайындалды, сонымен қатар, өкілдік коллегиясының жаңа құрамы жасақталды. Бұл ұйымдастыру шараларының арқасында 1921 жылдың аяғына қарай өкілдіктің жұмысы айтарлықтай жандана түсті. Өкілдіктің тікелей араласуымен Түркістанға темір жолмен ауылшаруашылық тауарлар

²² ОР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 45-іс. 472-473 пп.

²³ ОР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 59-іс. 192 п; Р-25-қ. 1-т. 407-іс. 45 а.п.

мен техника, фабрика-зауыт өнімдері, азық-түлік, дәрі-дәрмек, медициналық құрал-жабдықтар, түрлі мазмұндағы әдебиет туындылары мен мерзімді баспасөз тігінділері, РКФСР үкіметінің жариялаған заңдары мен қаулыларының жинақтары жөнелтілді.

1921 жылы 25 қазанда өткен РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты коллегиясының мәжілісінде С. Асфендиаров Түркістанның өкілетті өкілі ретінде бір ауыздан оның мүшелігіне сайланады²⁴. БОАК мүшесі және өкілдіктің басшысы ретінде С. Асфендиаров түркі-мұсылман халықтарының мүддесі мен құқықтарын қорғауға ұмтылды. РКФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанындағы өзге ұлттық өкілдіктердің басшыларымен біріге отырып ол Орталықтың ұлттық аймақтардағы жергілікті кеңес органдарына қатысты жүргізіп отырған орталықтандыру және орыстандыру саясатына ашық наразылық білдірді. Қызмет бабымен БОАК-тың және РКФСР үкіметінің Ресей халықтарының мәдени және рухани өміріне қатысты қабылдап отырған заңдармен және нормативті-құқықтық актілерінің мазмұнымен жіті танысу арқылы ұлттық өкілдіктердің басшылары Орталықтағы жоғарғы кеңес органдарынан олардың жекелеген ережелерін қайта қарастыруға қол жеткізуге ұмтылды. Мысалы, 1921 ж. 2 қыркүйекте қабылданған «РКФСР жоғары оқу орындары туралы ережемен» (Собрание узаконений, 1944:803-809) таныса отырып, С. Асфендиаров оның негізгі ережелері өзге автономиялы республикалар үшін тиімді болғанымен, Түркістан республикасы үшін бірқатар жеңілдіктерді қажет ететіндігі туралы қорытынды жасайды. Оның пікірінше, Ташкенттегі Түркістан мемлекеттік университетін өлкенің ерекшеліктеріне сәйкестендіру үшін Түркістан республикасының Ағарту халық комиссариаты ең алдымен өз дербестігіне қол жеткізу керек, сол кезде ғана ол жергілікті жағдайды басшылыққа ала отырып, жұмыс жасай алады²⁵.

С. Асфендиаров университеттің қысқа уақыт ішінде негізгі жергілікті тілдерде педагогикалық жұмысты жүргізетін өлке халықтарының мәдени даму және профессорлық-оқытушылық құрамды даярлау орталығына айналуы үшін онда қосалқы мекемелердің желісін (жұмысшы факультеттер, жергілікті ұлт өкілдерінен студенттерді шұғыл даярлау үшін арнайы курстар) кеңейтуді ұсынысын алға тартты. С. Асфендиаровтың пікірінше, тек осы шарттар орындалған жағдайда ғана «жергілікті ұлт өкілдері университетті өлкені орыстандырудың құралы ретінде емес, оны ұлттық мәдени-ағарту орталығы ретінде қабылдай алады»²⁶.

1922 жылдың қаңтарына дейін өкілдікті басқарып келген С. Асфендиаров Түркістанда жүріп жатқан партиялық тазалау науқанына байланысты Ташкентке қайта оралды. Көп ұзамай, ол Жер шаруашылығы комиссариаты коллегиясының құрамына кіргізіліп, жерге орналастыру басқармасының бастығы қызметіне тағайындалады. 1922-1924 жылдары С. Асфендиаров Түркістанның көрнекті мемлекет қайраткерлері қатарынан орын алады. Жоғары басшылық оның ұйымдастырушылық қабілеттерін, біліктілігін, жергілікті халықтардың тұрмысы мен әдет-ғұрыптарының білгірі ретінде түрлі жоғары мемлекеттік лауазымдарға тағайындап, көптеген мемлекеттік комиссиялардың құрамына енгізу арқылы маңызды нормативті-құқықтық актілерді құрастыру ісіне тартады. Осы жылдары С. Асфендиаровқа бір уақытта бірнеше қызметтерді қатар алып жүруге тура келеді. 1923 жылы Жер-су шаруашылығындағы жұмысымен қатар ол екінші мәрте денсаулық сақтау халық комиссары

²⁴ РФ МА – Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві. Р-1318-қ. 1-т. 5-іс. 137 п.

²⁵ РФ МА. Р-1318-қ. 1-т. 162-іс. 453 п.

²⁶ РФ МА. Р-1318-қ. 1-т. 162-іс. 453 п.

болып тағайындалып, бірқатар мемлекеттік комиссияларға жетекшілік жүргізді. С. Асфендиаров Түрікаткомның, Түркістан республикасы үкіметінің, ТКП ОК Атқару бюросының мүшесі ретінде ұлттық-мемлекеттік құрылысқа белсенді түрде араласып, өз қомақты үлесін қосады.

1924 жылы С. Асфендиаров Орта Азия республикаларының ұлттық-мемлекеттік межелеуін жүзеге асыру ісіне қатысады. 1924 жылы наурызда С. Асфендиаров РК(б)П Орталық Комитетінің арнайы комиссиясының мүшесі ретінде Г. Бройдомен бірге Хиуаға аттанып, Хорезм республикасының жетекші қызметкерлерімен межелеу үдерісіне және оны жүзеге асыру жоспарына қатысты мәселелерді талқылаудан өткізеді²⁷. 1924 жылы 15 шілдеде С. Асфендиаров РК(б)П ОК Орта Азия бюросының қаулысына орай Түркістан республикасынан С. Қожановпен, С. Есқараевпен, А. Серғазиевпен, Қазақ АКСР-нан С. Меңдешевпен және Ә. Әлібековпен бірге қазақ ұлттық комиссияның құрамына кіріп, жаңадан құрылып жатқан республикалардың территориялық дауларын шешумен, олардың шекаралары мен әкімшілік құрылысын анықтаумен, мүлкіті үлестіру келісім-шарттарын, партиялық ұйымдардың жарғыларын даярлаумен, мемлекеттік аппаратты құруға қажетті болған кадрларды іріктеумен, шаруашылық жоспарлар мен бюджеттерді жасаумен айналысады. Қазақ қайраткерлері тобының құрамында ол қазақ жерінің тұтастығы үшін күресіп, Сырдария облысы қазақтарының нарығы болған Ташкент қаласын Қазақ АКСР-на беру идеясына қолдау білдірді (Жүнісбаев, 2013:39-50 бб.). Межелеудің ақырғы кезеңінде С. Асфендиаров Түркістанның және РК(б)П ОК Орта Азия бюросының тарату комиссияларында жұмыс жасайды. 1924 жылы 18 қарашада Түрікаткомның IV төтенше сессиясы Түрікаткомның, Түркістан АКСР үкіметінің және Экономикалық кеңесінің қызметін тоқтатып, бүкіл билікті жаңадан құрылған республикалардың ревкомдарына беру туралы қаулы шығарады. Бұл тарихи құжатқа қазақтың жауапты қызметкерлерінің ішінен С. Асфендиаров және С. Қожанов қол қойды²⁸.

Күрделі межелеу үдерісі аяқталғаннан кейін С. Асфендиаровты Өзбек КСР-нің ревкомы медицина ісінің білікті маманы мен тәжірибелі ұйымдастырушысы ретінде жаңа республиканың тұңғыш денсаулық сақтау халық комиссары болуға шақырды²⁹. Алайда өз болашағын Қазақстанмен байланыстырған ол бұл ұсыныстан бас тартып, біраздан кейін Қазақ АКСР-ның Орта Азиядағы өкілетті өкілдігін басқаруға келіседі³⁰. Бұл қызметінде С. Асфендиаров межелеуден кейін орын алған Орта Азия аймағы республикалары үшін ортақ саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени мәселелерді шешуге атсалысады (Жүнісбаев, 2014b:11-16).

Мәскеу кезеңі. 1925 жылы С. Асфендиаров Ақмешітте өтіп, қазақтарға өз тарихын атауын қайтарған және жаңа астананы – Қызылорданы бекіткен V Бүкілқазақ кеңестер съезіне қатысады. Съездің қорытындысы бойынша қазақ делегациясының құрамында Мәскеуге КСРО кеңестерінің III съезіне және Бүкілресейлік кеңестердің XII съезіне қатынасу үшін аттанады. Бұл съездерде С. Асфендиаров КСРО және РКФСР Орталық Атқару Комитеттерінің мүшесі болып сайланады. 1925 жылы мамырда съездерден кейін өткен КСРО ОАК-тың және БОАК-тың жаңа шақырылымдағы сессияларында С. Асфендиаров КСРО ОАК Ұлттар кеңесінің хатшысы, БОАК төралқасының хатшысы А. Киселевтің орынбасары және Ұлттар бөлімінің меңгерушісі қызметтеріне тағайындалады (Жүнісбаев, 2014c:59-60). Бұл лауазымдарда ол

²⁷ РЭСТМА – Ресейдің әлеуметтік-саяси тарихының мемлекеттік архиві. 62-қ. 1-т. 20-іс. 50 п.

²⁸ ӨР ОМА. Р-17-қ. 1-т. 372-іс. 5 п.

²⁹ ӨР ОМА. Р-87-қ. 1-т. 3-іс. 1 п.

³⁰ ҚР ПА – Қазақстан Республикасы Президентінің архиві. 141-қ. 1-т. 12-іс. 2 п.

автономиялы республикалар мен облыстарды құруға, олардың шекаралары мен әкімшілік-территориялық бөлінісін анықтауға, экономикалық аудандастыруды негіздеуге, орталық және жергілікті жердегі кеңестік органдардың арасындағы байланыстарды реттеуге, РКФСР-дің территориясында күн кешкен аз санды ұлттар мен халықтардың ұлттық мүдделері мен құқықтарын қорғауға бел шеше араласады. Оны тәжірибелі қызметкер ретінде БОАК-тың сессияларына ұйымдастыру және даярлық жұмыстарын жүргізумен, түрлі жер мәселелерін шешумен айналысатын тұрақты үкіметтік комиссиялардың құрамына қосып, автономиялы республикалар мен облыстардың конституцияларын құрастыру ісіне тартады. 1926 жылы ол Т. Рысқұловпен және қырғыз жауапты қызметкерлерімен біріге отырып, Қырғыз автономиялы облысын РКФСР-дің құрамындағы автономиялы республика етіп қайта құру жұмыстарына жетекшілік жүргізеді.

1926 жылы қараша айында ұлттық аймақтар мен республикалардың жауапты қызметкерлерінің БОАК-тың III сессиясына қатысуға келуін пайдалану мақсатында С. Асфендиаров пен РКФСР үкіметі төрағасының орынбасары Т. Рысқұловпен бірлесе отырып, ұлттық-мемлекеттік құрылыс мәселелерін талқылау үшін арнайы кеңес өткізу бастамасын көтереді. 12 қарашада өткен бұл кеңестің мәжілісінде С. Асфендиаров өз тезистерінде кеңестік және партиялық органдарды барлық ұлттық республикаларды жұмыстарды күшейтуге шақырып, жоғары билік органдарында іс жүргізуді орыс және жергілікті тілде жүргізуді, әкімшілік-территориялық бірліктердің рухани қажеттіліктеріне ортақ ағымдағы қорды құруды, ұлттық республикалардағы халық шаруашылығына материалдық және қаржылай көмекті ұлғайтуды, жергілікті билік органдарының өкілеттіліктерін кеңейтуді ұсынды. Өкінішке орай, РКФСР-дің ұлттық-мемлекеттік құрылысты жүзеге асыру тәжірибесінен туындап отырған бұл келелі және өзекті ұсыныстар жоғары басшылық тарапынан ұлттық ауытқушылық деп танылып, рұқсатсыз өткен кеңеске қатысқаны ұлттық қайраткерлер өз республикаларында түрлі қуғын-сүргінге және саяси қысымға ұшырайды. Ал оның ұйымдастырушылары Т. Рысқұлов, С. Асфендиаров, Ө. Досов және И. Наговицын тікелей И.В. Сталиннің қабылдауына шақырылды (На приеме, 2008:671).

«Рысқұлов кеңесінен» кейін С. Асфендиаров БОАК-тың орталық аппаратында өз жұмысын жалғастырғанымен, біртіндеп өз қызметін ғылыми ізденіс және педагогикалық жұмысқа қарай бұруға талпыныс жасайды. 1927 жылы сәуірде Мәскеуде өткен XIII Бүкілресейлік кеңестер съезінің қорытындысы бойынша С. Асфендиаров БОАК-тың мүшесі ретінде қайта сайланғанымен, осыған дейін атқарған барлық қызметтерден босатылып, тек тұрақты үкіметтік комиссиялардағы мүшелігін ғана сақтап қалады. Осы кезеңде С. Асфендиаров Жаңа түрік әліпбиінің Бүкілодақтық Орталық Комитетін құру жұмыстарына белсенді түрде араласып, 1927 жылы мамырда оның төралқасы құрамына сайланды. Сол жылы маусымда С. Асфендиаров Бакуде өткен Жаңа түрік әліпбиінің Бүкілодақтық Орталық Комитетінің ОК-ның I пленумына қатысып, «Комитет туралы ережені» қабылдауға атсалысты. Пленумның қорытындысында ол 12 адамнан құралған төралқаның құрамынан орын алады. Алқалы жиында өткен мәжілістердің бірінде С. Диманштейн «егер С. Асфендиаров тұрақты түрде жұмыс істейтін болса, бұл біз үшін үлкен жетістік болар еді» деген пікір білдіреді (Стенографический отчет, 1927:168). С. Асфендиаров латын қарпінің негізінде ортақ түрік әліпбиіне өту идеясына қолдау білдіріп қана қоймай, оны енгізуге алдымен Орталықта, артынан Қазақстанда қызмет ете жүріп күш салғанын айта кеткен жөн. Бұған дәлел ретінде оның 1930 жылы Алматыда өткен Жаңа түрік әліпбиі Бүкілодақтық Орталық Комитетінің кезекті

пленумында латындандыру маңызы жөнінде жасаған көлемді баяндамасын келтіруге болады³¹.

Ғылым және білім беру салаларын ұйымдастыру. 1927 жылы тамызда КСРО басшылығы С. Асфендиаровты Мәскеудегі Н. Нариманов атындағы Шығыстану институтының ректоры етіп тағайындайды³². С. Асфендиаров бұл қызметінде оның жанданып жаңаруына көп күш-қайрат жұмсады. Осы бағыттағы оның алғашқы қадамдарының бірі – «Институт туралы ереженің» жаңа жобасын даярлау болды. Оның КСРО Орталық Атқару комитеті тек 1928 жылы ақпанда ғана бекітті. Сонымен қатар, оқу бағдарламасы және ғылыми зерттеу жоспары толық қайта құрастырылып жасалды. С. Асфендиаровтың бастама көтеруімен Институтта Орта Азия халықтарының тарихы мен тілін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрін, экономикасы мен шаруашылығын зерттейтін жаңа Орта Азия бөлімі ашылды³³. Бұл бөлімнің оқу бағдарламасы С. Асфендиаровтың тікелей қатысуымен жасалып, ол Институттың студенттеріне түркітілдес халықтардың тарихы бойынша дәріс оқыды. С. Асфендиаровтың нақ осы бағытта белсенділік таныта бастауы 1927 жылы қарашада Шығыс халықтарының этникалық және ұлттық мәдениеттерін зерттеу институты директорының міндетін атқаруға кіріскендігімен және Қоғамдық ғылымдар бойынша ғылыми-зерттеу институттарының Ресей ассоциациясының төралқа мүшелігіне кіргендігімен түсіндіруге болады³⁴.

С. Асфендиаров шығыстану саласындағы осы қос ғылыми және білім беру мекемелеріндегі әкімшілік-басқарушы жұмысын педагогикалық қызметпен бірге қатар алып жүрді. Ол осы институттардың студенттері мен аспиранттарына КСРО түркітілдес халықтарының тарихы бойынша дәріс оқып, 2-ші Мәскеу мемлекеттік университетінің педагогикалық факультетінде Шығыс тарихы бойынша сабақ берді. 1927 жылдың аяғында осы факультеттің қоғамтану кафедрасы ғылыми кеңесінің шешімімен оған профессор атағы берілді. С. Асфендиаров бұл жоғары ғылыми атаққа қазақтардың арасынан алғашқы болып қол жеткізгендігін де айта кеткен орынды (Сулейменов, 1987:161).

Екі шығыстану орталығының басшысы, КСРО Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Бүкілодақтық шығыстану ғылыми ассоциацияның, Коммунистік академияның жанындағы Шығыс халықтарының әдебиетін және Ұлт мәселесін зерттеу бойынша комиссиялардың мүшесі ретінде профессор С. Асфендиаров өткен ғасырдың 20-жылдардың аяғында Мәскеуде кеңестік шығыстанудың негізін қалаған алдыңғы қатарлы ғалымдардың қатарына кірді. Ұзақ уақыт бойы С. Асфендиаров ислам тарихын зерттеу ісімен айналысып, кеңестік тарихнамада алғашқылардың бірі болып марксистік ғылымның негіздері тұрғысынан Араб түбегіндегі исламның шығу себептерін талдауға алады. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың басты қорытындыларын ол өзінің «Материалы к изучению Востока. Часть первая. Причины возникновения ислама» атты тұңғыш ғылыми еңбегінде көпшіліктің назарына ұсынды (Асфендиаров, 1928). Екі жылдан кейін, оның бұл монографиялық еңбегі Ташкент пен Самарқандта латын қарпінің негізіндегі өзбек тілінде 3 мың таралыммен қайта басылып шықты (Асфендиаров, 1930). 1930 жылы ислам тарихының мәселелеріне арналып шыққан «Атеист» журналының арнайы санында С. Асфендиаровтың «Ислам және көшпелі шаруашылық» атты көлемді мақаласы жарық

³¹ Асфендиаров С. Борьба за новый алфавит – борьба за новую культуру // Советская степь. – 1930. – 13 мая. – №103.

³² РФ МА. Р-3316-қ. 13-т. 6-іс. 230 а.п.

³³ РФ МА. Р-3316-қ. 21-т. 55-іс. 1 п.

³⁴ РГАА – Ресей Ғылым академиясының архиві. 355-қ. 1-т. 60-іс. 37 п.

көріп, онда ол исламның шығуына қатысты өз ойлары мен көзқарастарын тереңдете түсірді³⁵.

Бұл уақытта Қазақстанда тұңғыш жоғары оқу орнын құруға бағытталған ауқымды даярлық жұмыстары жүріп жатты. Үш жыл бойы Қазақ АКСР-ның басшылығы Орталықтың алдында жоғары білікті маман кадрларды даярлайтын өз орталығын ашу қажеттілігін негіздеумен болды. Тек 1928 жылдың көктемінде ғана Қазақ АКСР Ағарту халкомының орынбасары Д. Авксентьевскийдің күш салуымен және Т. Рысқұловтың тікелей қолдауымен РКФСР үкіметі Алматыда Қазақ мемлекеттік университетін құру туралы қаулы шығарды. Осы ЖОО-ның тұңғыш ректоры қызметіне ресейлік ғылыми-академиялық ортада бедел жинақтап үлгерген С. Асфендиаров шақырылды³⁶. 1928 жылы 19 қазанда Мәскеу шығыстану институты басқармасының КСРО Орталық Атқару Комитетінің хатшысы А. Енукидзенің атына жолдап, онда белді ғалым-ұстаздар Институтта орын алған барлық игі бастамалар мен оң өзгерістер С. Асфендиаровтың қауырт қызметінің нәтижесі екенін атап өтіп, оны директорлық қызметте қалдыруды бірауыздан өтінді³⁷.

1928 жылы қазанда Қазақстанға қызметке ауысқан С. Асфендиаров 1937 жылдың тамызына дейін республикада жоғары оқу орындарының және ғылыми-академиялық мекемелердің желісін құруға бағытталған ауқымды жұмысқа жетекшілік жүргізеді. Осы он жылдың ішінде С. Асфендиаровтың қауырт ғылыми-ұйымдастырушылық қызметінің арқасында Қазақстанда педагогикалық, мал дәрігерлік, медициналық жоғары оқу орындар, көз ауруларын емдеу, бала мен ананы қорғау, тері мен жыныс, өкпе ауруларының, ұлттық мәдениетті зерттеу ғылыми институттары, кітапханалар мен музейлер бой көтерді. С. Асфендиаров ҚазМУ-дың тұңғыш ректоры болумен қатар, оның құрамында ашылған тарихи-географиялық факультеттің тұңғыш деканы және «Тарих» кафедрасының алғашқы меңгерушісі болып қана қоймай, студенттер үшін қазақ және орыс тілдерінде алғашқы оқулықтар мен оқу құралдарды жазды (Асфендиаров, 1931, Асфендиаров, 1932).

С. Асфендиаровтың тұсында университетке Мәскеу, Ленинград, Киев және Ташкент қалаларынан 50-ге тарта жоғары білікті мамандар қызметке алынды. С. Асфендиаровтың беделінің арқасында ҚазМУ-дың қажеттіліктеріне бұрынғы Верный гимназиясының оқу ғимараттары мен жатақханалары, кітапханасы бөлініп, ғылыми қызметкерлер орналасатын тұрғын үйлер салынды. С. Асфендиаровтың ерік танытуының нәтижесінде ҚазМУ-дың жанынан жоғары оқу орындарына маман даярлайтын жұмысшы факультеті, педагогикалық техникум, жексенбілік университет, 9-жылдық тәжірибелі-үлгілі мектеп пен педагогикалық курстар, ұйымдастырылып, халыққа қызмет етті. С. Асфендиаровтың бастама көтеруімен 1928-1931 жылдары ҚазМУ-дың жанынан кітап қоры 150 томға жеткен республикадағы ең ірі әрі бай ғылыми кітапхана, мұражай және студенттік асхана ашылды (Жүнісбаев, 2014).

1930 жылы С. Асфендиаров ҚазМУ-ды педагогикалық кадрларды даярлайтын институт етіп қайту құру және Қазақстанда тұңғыш медициналық институтты ұйымдастыру ісіне басшылық жүргізеді. 1930 ж. қарашада ҚазМИ-дің ректоры және ұйымдастыру комиссияның төрағасы қызметіне тағайындалған С. Асфендиаров Б. Әбдірахманов, В. Авербург, Л. Витте, М. Кацва сынды медицина саласының тәжірибелі әрі білікті мамандарымен болашақ институттың құрылымын анықтау, алғашқы кафедраларды ашу, профессорлық-

³⁵ Асфендиаров, 1930 – Асфендиаров С. Ислам и кочевое хозяйство // Атеист. – 1930. – №58. – С. 3-18.

³⁶ ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 2243-іс. 35 п.

³⁷ РФ МА. Р-3316-қ. 21-т. 55-іс. 1-1 а.п.

оқытушылық құрамды жасақтау, оқу ғимараттарын және жатақханаларды жөндеу, лабораториялар мен кабинеттерді жабдықтау, оқуға қабылданатын тыңдаушыларды іріктеу жұмыстарымен айналысады. Жоғарыда есімі аталған қайраткерлердің қажырлы еңбегінің арқасында 1931 жылы сәуірде Алматыда ҚазМИ-дің салтанатты ашылу рәсімі өтіп, ол өз жұмысын бастайды (Жүнісбаев, 2015a:189). 1931/1932 оқу жылында ҚазМИ-де, оның жанында қызмет еткен жұмысшы факультетінде, қысқа мерзімді және тұрақты медициналық курстарда 400-ден астам (тек бір емдеу факультетінде 255 студент) тыңдаушы білім алды.

1931 жылы маусымда С. Асфендиаровты ҚазМИ-дің ректоры міндетін Е. Қасаболатов өткізіп, өзі Қазақ АКСР-ның Денсаулық сақтау халық комиссары қызметінде қазақ даласын жайлаған сұрапыл ашаршылыққа және соның салдары ретінде туындаған індеттер мен жұқпалы ауруларға қарсы күреске бел шеше кіріседі. Ауқымы күн өткен сайын аштық пен індеттерді ауыздықтау мақсатында Қазақ АКСР үкіметінің жанынан С. Асфендиаровтың төрағалығындағы Төтенше комиссия құрылып, оған індеттердің ошақтарын және оған ұшыраған тұрғындарды санын анықтау, жылжымалы бригадаларды және санитарлық дәрігерлерді аттандыру, тіркеуге алынған барлық медициналық кадрларды, соның ішінде ҚазМИ-дің студенттерін мобилизациялау, індетті жұқтырғандарды дереу оқшауландырып, емдеу пунктеріне жеткізу, індеттерге тосқауыл қою үшін халық арасында санитарлық-профилактикалық іс-шараларын атқару, губерниялық және аудандық төтенше үштіктерді құру, олардың қызметін қатаң қадағалау сынды міндеттер жүктелінді. С. Асфендиаровтың және оның қол астында 1931-1933 жылдары қызмет еткен Денсаулық сақтау комиссариаты қызметкерлерінің, дәрігерлер мен санитарлардың тарихи еңбегі мен ерлігінің арқасында қазақ ұлтының генофонды сақталынып, жүз мыңдаған адамдардың өмірлері құтқарылды.

1932 жылы С. Асфендиаров жауапты қызметкерлер тобының құрамында КСРО Ғылым академиясының Қазақстандық базасын құру бойынша жұмысына жетекшілік жүргізіп, Академиктер А. Самойлович (төраға), Б. Келлер, Э. Брицке, профессор И. Барышников (ғылыми хатшы) және М. Төлеповтермен бірге база Ғылыми кеңесінің алғашқы құрамына мүше болып кірді. Жоғарыда есімі аталған ғалымдардың қажырлы еңбегінің арқасында қысқа уақыт ішінде Қазақстандық база республиканың ірі ғылыми орталығына айналды. Оның құрамында геофизикалық, тарих-әдебиет, құм-шөл, биологиялық секторлар жұмыс жасап, ботаникалық бақ пен химиялық лабораториялар ашылды. 1936 жылдан бастап жергілікті ұлт өкілдері арасынан білікті ғылыми кадрларды даярлайтын аспирантура іске қосылды (Сулейменов, 1961). Егер базаның алғашқы төрағалары академиктер А. Самойлович пен А. Архангельский Қазақстанның мүддесін Ленинградта қорғаумен айналысып, Қазақстанға сирек келгендігін ескеретін болсақ, жергілікті жерде базаға тікелей жетекшілікті профессор С. Асфендиаров жүргізгендігі айқын. Бұған дәлел ретінде А. Архангельскийдің базаны басқаруға С. Асфендиаровтың атына берген сенімхатын келтіруге болады³⁸. 1936 жылы С. Асфендиаров КСРО Ғылым академиясы Төралқасының мәжілісінде Қазақстандық базаның қызметі туралы есептік баяндама жасап, оның қорытындысында алқалы жиын оны бұрынғысынша екі бірдей қаражат көзінен – одақтық және жергілікті бюджеттен қаржыландыруды жалғастыруға және қаржының көлемін арттыру жөнінде шешім қабылданды³⁹.

³⁸ РҒАА. 188-қ. 2-т. 147-іс. 10 п.

³⁹ ҚР ПА. 141-қ. 1-т. 10620-іс. 62-77 пп.

С. Асфендиаровтың өмірінің соңғы кезеңі оның ғылыми-шығармашылық қызметіндегі ең табысты жылдарына айналды. 1935-1936 жылдары оның «История Казахстана (с древнейших времен)» (Асфендиаров, 1935а) және «Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане» (Асфендиаров, 1936а) атты іргелі ғылыми еңбектері орыс және қазақ тілдерінде жарияланды (Асфендиаров, 1935b) (Асфендиаров, 1936b). Сонымен қатар, оның редакторлығымен Қазақстан тарихына қатысты құнды тарихи және жазба деректерінен үзінділер енген «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты құжаттар мен материалдар жинағының (Прошлое Казахстана, 1935) (Прошлое Казахстана, 1936) екі томдығы жарық көрді. Оны құрастыруға профессорлар А. Кунте мен С. Томсинский, сондай-ақ Орта Азияның тарихын жетік білген Қ. Қожықов өз үлестерін қосты. Өткен ғасырдың 30-жылдары мерзімді баспасөз беттерінде С. Асфендиаровтың Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне арналып жазылған ғылыми және публицистикалық мақалалары да тұрақты түрде жарық көріп отырды (Жүнісбаев, 2015b).

Қорытынды. 1937-1938 жылдардағы сталиндік қуғын-сүргін С. Асфендиаровты да, оның жанұясын да айналып өтпеді. 1938 жылы 25 ақпанда ол атылып, қазіргі Алматы облысының Жаңалық ауылында өзге қазақ зиялыларымен бірге жерленді. Оның өмірлік серігі, Мемлекеттік көпшілік кітапханада бөлім басшысы болып қызмет еткен Рабиға Сералықызы «халық жауының жұбайы» ретінде 10 жылға сотталып, Ақмоладағы Отан сатқындары әйелдерінің лагеріне айдалды. Санжар мен Рабиғаның қыздары – Әлия мен Адалыттың тағдырлары тәлкекке түсіп, өмірдің бар ауыртпалығының ащы дәмін татты. Олар анасы Рабиғамен тек 1954 жылы ғана қайта қауышты. Р. Асфендиарова 1958 жылы 31 наурызда КСРО Жоғарғы Сот Әскери коллегиясының шешімімен ақталып, өзінің жұбайы Санжардың ақталуын көретін бақытты күнге бірнеше күн жете алмай, 4 мамырда ауыр науқастан көз жұмды. С. Асфендиаров 1958 жылы 27 мамырда КСРО Жоғарғы Сот Әскери коллегиясының шешімімен толық ақталды.

С. Асфендиаровтың есімімен Қазақстандағы академиялық ғылымның, жоғары білім беру жүйесінің, мәдениет пен оқу-ағарту салаларының толықтай бір даму кезеңі байланысты. Оның еңбегінің арқасында елімізде жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтары, кітапханалар мен мектептер, музейлер ашылып, Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне арналған кешенді зерттеу еңбектері, көлемді ғылыми мақалалар жарық көріп, қазақ халқының бай рухани және материалдық мұрасы жинақталды.

1989 жылы С. Асфендиаровтың 100 жылдық мерейтойына орайластырып өткізілген ғылыми конференцияда, қайраткердің өмірі мен бай ғылыми-тарихи мұрасын жүйелі әрі кешенді түрде зерттеу ісін қолға алғашқылардың бірі болып алған академик Р.Б. Сүлейменов өз баяндамасын келесідей сөздермен қорытындылады: «Оның [Асфендиаровтың] қайтыс болғанына жарты ғасыр, ал туғанына жүз жыл толып отырған уақытта ғалымның, революционердің, мемлекеттік қайраткердің ұлылығы, оның шығыстану мәселелерін зерттеуге қосқан қомақты үлесі нақты әрі айқын көрініп отыр. Көптеген тарихи мәселелердің қазіргі түсінігі оның зерттеулеріне арқа сүйейтіні анық және біз бұл туралы ұмытпауымыз абзал» (Сүлейменов, 1990:26).

Әдебиеттер тізімі/ Список литературы

1. Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. Сәуір 1901 жыл – желтоқсан 1917 жыл. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. Т.1. Алматы: Алаш, 2004. 552 б.
2. Асфендиаров, 1928 – Асфендиаров С.Д. Материалы к изучению Востока. Часть первая. Причины возникновения ислама. Самарканд-Ташкент: Узгосиздат, 1928. 70 с.
3. Асфендиаров, 1930 – Асфендиаров С.Д. Ислам зухурының себеблері. Самарканд-Ташкент: Өзнәшр, 1930. 66 б.
4. Асфендиаров, 1931 – Асфендиаров С. Шығыстағы ұлттық төңкерісшіл қозғалыстың тарихы. Алматы: Қазақстан баспасы, 1931. 25 б.
5. Асфендиаров, 1932 – Асфендиаров С. История национально-революционных движений на Востоке (задание 1-е). Алма-Ата: Казгосиздат, 1932. 24 с.
6. Асфендиаров, 1935a – Асфендиаров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). Том 1. Алма-Ата-М.: Казкрайиздат, 1935. 262 с.
7. Асфендиаров, 1935b – Асфендиаров С.Д. Қазақ тарихының очеркісі. 1-бөлім. Алматы: Қазақстан баспасы, 1935. 91 б.
8. Асфендиаров, 1936a – Асфендиаров С.Д. Национально-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. – Алма-Ата-Москва: Казахстанское краевое издательство, 1936. 149 с.
9. Асфендиаров, 1936b – Асфендиаров С. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Тарихи очерк. Алматы: Қазақстан баспасы, 1936.
10. Бюллетень, 1921 – Бюллетень VI Съезда Коммунистической партии Туркестана. 1921. №7.
11. Давлет-Юсупов, 1953 – Давлет-Юсупов М.Х. Союз «Кошчи» и его роль в укреплении Советской власти в Туркестане (1919-1924 гг.). Т.: Госиздат УзССР, 1953. 66 с.
12. Жүнісбаев, 2011a – Жүнісбаев А. Санжар Асфендиаровтың ағалары мен әпкелерінің өмірі туралы // «Қоғам және дәуір». – 2011. – №1. – 115-125 бб.
13. Жүнісбаев, 2011b – Жүнісбаев А.Ө. Санжар Асфендиаров – әскери дәрігер // Қоғам және дәуір. – 2011. – №4. – 126-144 бб.
14. Жүнісбаев, 2012 – Жүнісбаев А. Сүйік Әлі және Асфендиар сұлтандар (Санжар Асфендиаровтың аталары туралы) // Қазақстан мұрағаттары. – 2012. – №1. – 15-23 бб.
15. Жүнісбаев, 2013 – Жүнісбаев А.Ө. Ұлттық-мемлекеттік межелеу барысында Санжар Асфендиаровтың қазақ жерінің тұтастығын қалпына келтіру жолындағы қызметі // Қазақстан мұрағаттары. – 2013. – №3. – 39-50 бб.
16. Жүнісбаев, 2014a – Жүнісбаев А. Санжар Асфендиаров: өмірі мен қызметі (1889-1938 жж.). Т. 1: (1889-1918 жж.). Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. 256 б.
17. Жүнісбаев, 2014b – Жүнісбаев А.Ө. Санжар Асфендиаров – Қазақ АКСР-нің Орта Азиядағы өкілетті өкілі (1924-1925 жж.) // Тарих тағлымы. – 2014. – №1. – 11-16 бб.
18. Жүнісбаев, 2014c – Жүнісбаев А.Ө. Санжар Асфендиаров – РКФСР БОАК төралқасы жанындағы ұлттар бөлімінің меңгерушісі (1925-1927 жж.) // Қазақстан мұрағаттары. – 2014. – №1. – 58-71 бб.
19. Жүнісбаев, 2014d – Жүнісбаев А.Ө. Қазақ мемлекеттік университетінің құрылу тарихы және Санжар Асфендиаровтың ректорлық қызметі (1928-1931 жж.) // – Асфендиаров С. Шығармалар жинағы / Құраст. Әбжанов Х.М., Жүнісбаев А.Ө. Алматы: «Ел-шежіре», 2014. Т.4. – 306-335 бб.
20. Жүнісбаев, 2015a – Жүнісбаев А.Ө. Қазақ медициналық институтты құрудағы Санжар Асфендиаровтың орны мен рөлі // Вестник Кыргызского Государственного университета им. И. Арабаева. – Бишкек: КГУ им. И. Арабаева. – №2. – 2015. – 184-193 бб.
21. Жүнісбаев, 2015b – Жүнісбаев А.Ө. Саңлақ ғалымның мұрасы: Санжар Асфендиаровтың шығармалар жинағы туралы // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. – №4. – 2015.
22. Кокебаева, 2009 – Кокебаева Г.К. Германия – Россия – СССР: политика, война и плен. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 345 с.
23. Қоңыратбаев, 1994 – Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. Алматы: Қазақстан, 1994. 448 б.
24. Қоңыратбаев, Жүнісбаев, 2011 – Қоңыратбаев О.М., Жүнісбаев А.Ө. Мұсылман Бюросы – егемендік идеясының жаршысы (1919-1920 жылдар). Алматы: ИП «Уатханов» баспасы, 2011. 246 б.
25. Махаева, 2007 – Махаева А.Ш. Қазақ-қырғыз саяси байланыстарының тарихы (XVIII ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі). Алматы: Ценные бумаги, 2007. 357 б.
26. На приеме, 2008 – На приеме у Сталина. Тетради (журналы) записей лиц, принятых И.В. Сталиным (1924-1953 гг.). Справ. / Науч. ред. А.А. Чернобаев. М., 2008. 784 с.
27. Победа Октябрьской революции в Узбекистане. Сб. документов. В 2-х томах. Т.1. Установление Советской власти в Узбекистане. Т.: Издательство АН Узбекской ССР, 1963. 659 с.
28. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сборник 1. Под ред. проф. С.Д. Асфендиарова и проф. П.А. Кунте. Алма-Ата-М.: Казкрайиздат, 1935. 299 с.
29. Прошлое Казахстана: В источниках и материалах. Сб. 2. Под ред. проф. С. Асфендиарова. Алма-Ата-М.: Казкрайизд., 1936. 293 с.
30. Собрание узаконений, 1944 – Собрание узаконений и распоряжений правительства за 1921 г. М., 1944. 1198 с.

31. Стенографический отчет, 1927 – Стенографический отчет первого пленума Всесоюзного Центрального Комитета нового тюркского алфавита, заседавшего в Баку от 3-го до 7-го июня 1927 г. М.: Издание ВЦК НТА, 1927. 176 с.
32. Сулейменов, 1961 – *Сулейменов Р.Б.* Из истории развития науки в Казахстане (1933-1940 гг.) // Вопросы истории социалистического и коммунистического строительства в Казахстане. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. С. 139-165.
33. Сулейменов, 1987 – *Сулейменов Р.Б.* С.Д. Асфендияров и становление советской исторической науки в Казахстане // Великий Октябрь и социально-экономический прогресс Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1987. С. 155-183.
34. Сулейменов, 1990 – *Сулейменов Р.Б.* Видный деятель социалистического строительства в Средней Азии и Казахстане, ученый востоковед // Санжар Джафарович Асфендияров. (Сб. научных статей). Алма-Ата: КазПИ им. Абая, 1990. – С. 3-26.
35. Ходжаев, 1926 – *Ходжаев Ф.* К истории революции в Бухаре. Т.: Узбекское госиздательство, 1926. 77 с.
36. Шокай, 2016 – *Чокай М.* Избранные труды: в 2-х т. Сост. и автор предисловия К.Л. Есмагамбетов. Алматы: Арыс, – 2016. – Т. 2. 456 с.

References

- Alash qozgalysy. Quzhattar men materialdar zhinagy. Saur 1901 zhyl – zheltoqsan 1917 zhyl. Dvizhenie Alash. Sbornik dokumentov i materialov. Aprel' 1901 g. – dekabr' 1917 g. [Alash movement. Collection of documents and materials. April 1901 - December 1917]. T.1. Almaty: Alash, 2004. 552 b. [in Rus. and Kaz.]
- Asfendiarov, 1928 – Asfendiarov S.D. Materialy k izucheniju Vostoka. Chast' pervaja. Prichiny vozniknoveniya islama [Materials to the study of the East. Part one. Causes of Islam]. Samarkand-Tashkent: Uzgosizdat, 1928. 70 s. [in Rus.]
- Asfendiarov, 1930 – Asfendiarov S.D. Islam zuhuryning sebebleri [he causes of the origin of Islam]. Samarqant-Tashkent: Uznashr, 1930. 66 b. [in Uzbek]
- Asfendiarov, 1931 – Asfendiarov S. Shygystagy ulttyq tongkerisshil qozgalystyng tarihy [History of national-revolutionary movements in the East]. Almaty: Qazaqstan baspasy, 1931. 25 b. [in Kaz.]
- Asfendiarov, 1932 – Asfendiarov S. Istorija nacional'no-revoljucionnyh dvizhenij na Vostoke [History of national-revolutionary movements in the East]. Alma-Ata: Kazgosizdat, 1932. 24 s. [in Rus.]
- Asfendiarov, 1935a – Asfendiarov S.D. Istorija Kazahstana (s drevnejshih vremen). Tom 1. [History of Kazakhstan (since ancient times). Volume 1] Alma-Ata-M.: Kazkrajizdat, 1935. 262 s. [in Rus.]
- Asfendiarov, 1935b – Asfendiarov S.D. Qazaq tarihyning ocherkisi. 1- belim. [Essays on the history of the Kazakh. Part 1] Almaty: Qazaqstan baspasy, 1935. 91 b. [in Kaz.]
- Asfendiarov, 1936a – Asfendiarov S.D. Nacional'no-osvoboditel'noe vosstanie 1916 goda v Kazahstane [National liberation uprising of 1916 in Kazakhstan]. – Alma-Ata-Moskva: Kazahstanskoe kraevoe izdatel'stvo, 1936. 149 s. [in Rus.]
- Asfendiarov, 1936b – Asfendiarov S. Qazaqstandagy 1916 zhylygy ult-azattyq koterilisi. Tarihi ocherk [National liberation uprising of 1916 in Kazakhstan. Historical essay]. Almaty: Qazaqstan baspasy, 1936. [in Kazakh]
- Bjulleten', 1921 – Bjulleten' VI S'ezda Kommunisticheskoy partii Turkestana [Bulletin of the VI Congress of the Communist Party of Turkestan]. 1921. №7. [in Rus.]
- Davlet-Jusupov, 1953 – Davlet-Jusupov M.H. Sojuz «Koshchi» i ego rol' v ukreplenii Sovetskoj vlasti v Turkestane (1919-1924 gg.) [The Koshchi Union and its role in strengthening Soviet power in Turkestan (1919-1924)]. T.: Gosizdat UzSSR, 1953. 66 s. [in Rus.]
- Zhunisbaev, 2011a – Zhunisbaev A. Sanzhar Asfendiarovtyng agalary men apkelerining omiri turaly [About the life of brothers and sisters of Sanjar Asfendiarov] // «Qogam zhane dauir». – 2011. – №1. – 115-125 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2011b – Zhunisbaev A. Sanzhar Asfendiarov – askeri dariger [Sanjar Asfendiarov – military doctor] // Qoram zhane dauir. – 2011. – №4. – 126-144 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2012 – Zhunisbaev A. Syjik Əli zhane Asfendiar sultandar (Sanzhar Asfendiarovtyng atalary turaly) [Sultans Suyik Ali and Asfendiar (On the Ancestors of Sanjar Asfendiarov)] // Qazaqstan muragattary. – 2012. – №1. – 15-23 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2013 – Zhunisbaev A. Ulttyq-memlekettik mezheleu barysynda Sanzhar Asfendiarovtyng qazaq zherining tytastygyn qalpyna keltiru zholyndagy qyzmeti [Sanzhar Asfendiarov's activities on the unification of the Kazakh lands during the period of national-state delimitation] // Qazaqstan muragattary. – 2013. – №3. – 39-50 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2014a – Zhunisbaev A. Sanzhar Asfendiarov: omiri men qyzmeti (1889-1938 zhzh.) [Sanjar Asfendiarov: life and activity (1889-1938)]. T. 1: (1889-1918 zhzh.). Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. 256 b. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2014b – Zhunisbaev A. Sanzhar Asfendiarov – Qazaq AKSR-ning Orta Azijadagy okiletti okili (1924-1925 zhzh.) [Sanjar Asfendiarov – Plenipotentiary Representative of the Kazakh

- Autonomous Soviet Socialist Republic in Central Asia (1924-1925)] // Tarih taglymy. – 2014. – №1. – 11-16 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2014c – Zhunisbaev A. Sanzhar Asfendiarov – RKFSR BOAK toralqasy zhanyndagy ulttar beliminiń menggerushisi (1925-1927 zhzh.) [Sanjar Asfendiarov - Head of the Department of Nationalities at the Presidium of the Central Executive Committee (1925-1927)] // Qazaqstan muragattary. – 2014. – №1. – 58-71 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2014d – Zhunisbaev A. Qazaq memlekettik universitetining qurylu tarihy zhane Sanzhar Asfendiarovtyng rektorlyq qyzmeti (1928-1931 zhzh.) [The history of the formation of the Kazakh State University and the activities of Sanzhar Asfendiarov as rector (1928-1931)] // – Asfendiarov S. Shygarmalar zhinaqy / Qurast. Abzhanov H.M., Zhunisbaev A.A. Almaty: «El-shezhire», 2014. T.4. – 306-335 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2015a – Zhunisbaev A. Qazaq medicialyq institutty qurudagy Sanzhar Asfendiarovtyng orny men roli [The place and role of Sanjar Asfendiarov in the creation of the Kazakh Medical Institute] // Vestnik Kyrgyzskogo Gosudarstvennogo universiteta im. I. Arabaeva. – Bishkek: KGU im. I. Arabaeva. – №2. – 2015. – 184-193 bb. [in Kaz.]
- Zhunisbaev, 2015b – Zhunisbaev A. Sanglaq galymnyng murasy: Sanzhar Asfendiarovtyng shygarmalar zhinaqy turaly [The legacy of a prominent scientist: a collection of essays by Sanjar Asfendiarov] // «edu.e-history.kz» elektrondyq-gylymi zhurnaly. – №4. – 2015. [in Kaz.]
- Kokebaeva, 2009 – Kokebaeva G.K. Germaniya – Rossiya – SSSR: politika, vojna i plen [Russia - USSR: politics, war and captivity]. Almaty: Qazaq universiteti, 2009. 345 s. [in Rus.]
- Qongyratbaev, 1994 – Qongyratbaev O. Turar Rysqulov: qogamdyq-sajasi zhane memlekettik qyzmeti. Turkistan kezengi [Socio-political and state activities of Turar Ryskulov. Turkestan period]. Almaty: Qazaqstan, 1994. 448 b. [in Kaz.]
- Qongyratbaev, Zhunisbaev, 2011 – Qongyratbaev O.M., Zhunisbaev A.A. Musylman Bjurosy – egemendik idejasynyng zharshysy (1919-1920 zhyldar) [Muslim Bureau - the conductor of the idea of sovereignty (1919-1920)]. Almaty: IP «Uathanov» baspasy, 2011. 246 b. [in Kaz.]
- Mahaeva, 2007 – Mahaeva A.Sh. Qazaq-qyrgyz sajasi bajlanystarynyng tarihy [The history of the Kazakh-Kyrgyz political relations] (XVIII gasyrdyng ekinshi zhartysy – XX gasyrdyng bas kezi). Almaty: Cennye bumagi, 2007. 357 b. [in Kaz.]
- Na prieme, 2008 – Na prieme u Stalina. Tetradi (zhurnaly) zapisej lic, prinjatyh I.V. Staliny (1924-1953 gg.) [At the reception at Stalin. Notebooks (journals) of records of persons taken by I.V. Stalin (1924-1953)]. Sprav. / Nauch. red. A.A. Chernobaev. M., 2008. 784 s. [in Rus.]
- Pobeda Oktjabr'skoj revoliucii v Uzbekistane. Sb. dokumentov. V 2-h tomah. T.1. Ustanovlenie Sovetskoy vlasti v Uzbekistane [The victory of the October Revolution in Uzbekistan. Sat documents. In 2 volumes. T.1. The establishment of Soviet power in Uzbekistan]. T.: Izdatel'stvo AN Uzbekskoj SSR, 1963. 659 s. [in Rus.]
- Proshloe Kazakhstana v istochnikah i materialah. Sbornik 1. [The past of Kazakhstan in sources and materials. Collection 1.] Pod red. prof. S.D. Asfendiarova i prof. P.A. Kunte. Alma-Ata-M.: Kazkrajizdat, 1935. 299 s. [in Rus.]
- Proshloe Kazakhstana: V istochnikah i materialah. Sb. 2 [The past of Kazakhstan in sources and materials. Collection 2]. Pod red. prof. S. Asfendiarova. Alma-Ata-M.: Kazkrajizd. 1936. 293 s. [in Rus.]
- Sobranie uzakonenij, 1944 – Sobranie uzakonenij i rasporyazhenij pravitel'stva za 1921 g. [Collection of legalizations and orders of the government for 1921] M., 1944. 1198 s. [in Rus.]
- Stenograficheskij otchet, 1927 – Stenograficheskij otchet pervogo plenuma Vsesojuznogo Central'nogo Komiteta novogo tjurkskogo alfavita, zasedavshego v Baku ot 3-go do 7-go ijunja 1927 g. [Stenographic report of the first plenum of the All-Union Central Committee of the new Turkic alphabet, which met in Baku from the 3rd to the 7th of June, 1927]. M.: Izdanie VCK NTA, 1927. 176 s. [in Rus.]
- Sulejmenov, 1961 – Sulejmenov R.B. Iz istorii razvitiya nauki v Kazahstane (1933-1940 gg.) // Voprosy istorii socialisticheskogo i kommunisticheskogo stroitel'stva v Kazahstane [From the history of the development of science in Kazakhstan (1933-1940)] // Questions of the history of socialist and communist construction in Kazakhstan]. Alma-Ata: Izdatel'stvo AN KazSSR, 1961. S. 139-165. [in Rus.]
- Sulejmenov, 1987 – Sulejmenov R.B. S.D. Asfendiarov i stanovlenie sovetskoy istoricheskoy nauki v Kazahstane // Velikij Oktjabr' i social'no-jekonomicheskij progress Kazakhstana [S.D. Asfendiarov and the formation of Soviet historical science in Kazakhstan // Great October and the socio-economic progress of Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka, 1987. S. 155-183. [in Rus.]
- Sulejmenov, 1990 – Sulejmenov R.B. Vidnyj dejatel' socialisticheskogo stroitel'stva v Srednej Azii i Kazahstane, uchenyj vostokoved [A prominent figure in socialist construction in Central Asia and Kazakhstan, a scientist orientalist] // Sanzhar Dzhaferovich Asfendiarov. (Sb. nauchnyh statej). Alma-Ata: KazPI im. Abaja, 1990. – S. 3-26. [in Rus.]
- Hodzhaev, 1926 – Hodzhaev F. K istorii revoliucii v Buhare [To the history of the revolution in Bukhara]. T.: Uzbekskoe gosizdatel'stvo, 1926. 77 s. [in Rus.]
- Shokaj, 2016 – M. Izbrannye trudy: v 2-h t. [Selected Works. In 2 vol.]. Sost. i avtor predislovija K.L. Esmagambetov. Almaty: Arys, 2016. T. 2. 456 s. [in Rus.]